12 ҚАРАША,
БЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ
№125 (23 739)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

95 ЖЫЛ

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz/ | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz

Білім мен идея тоғысты
2-бет



Азаматы ауылын танытады
4-бет



Дәстүрлі әннің дүбірі
8-бет



Қазақ тілі тұғырдан түспейді



РЕСМИ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында сөйлеген сөзінде тіл мәселесін мемлекеттік, саяси және ұлттық маңызы бар іргелі тақырып ретінде айқын белгіледі. «Бүгінгі жиынның мән-мағынасы ерекше. Себебі Ана тілі мәселесі, бұл – мемлекеттік, саяси және ұлттық маңызы бар тақырып», – деді Мемлекет басшысы.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атаулы құрылтай жиыны Тәуелсіздіктің 35 жылдығы шеңберінде өтіп жатқаны кездейсоқ болмас. Президент өзі ерекше атап өткендей, соңғы жеті жылдағы реформалар мен Халық Конституциясын қабылдау – елдің іргетасын нығайту жолындағы маңызды қадамдар екендігі аян. Ал, Ата Заңда мемлекеттік тілдің мәртебесі «тайға таңба басқандай» жазылғаны – ұлттық сананың ресми бекітілуі деп бағамдарлық орасан игілік. Қарға тамырлы қазақтың қаз дауысты қоңыр үні, он сан ойды бір қазыққа байларлық бай тілі ғасырлар қойнауынан жетіп, бірде жыраудың толғауында, бірде ананың әлдиінде, бірде даланың дарқан тынысында жаңғырып келеді. Мемлекет басшысының баба тілі туралы толғанғанында мінбер биіктеп, мінбердегі сөз салмақтана түскендей әсер қалдырғаны бар.

– «Қазақ тілі» қоғамы – мемлекеттік тілдің мызғымас тұғырын нығайтып жүрген аса маңызды құрылым. Сонау 1989 жылы іргесі қаланған ұйымның Егемен ел тарихындағы орны бөлек. Кезінде көрнекті ғалымдар – академиктер Әбдуәли Қайдар және Өмірзақ Айтбайұлының бастамасымен құрылған «Қазақ тілі» қоғамының тарихи жолын қазіргі буын өкілдері мен белгілі тіл мамандары лайықты жалғастырып келе жатыр. Бүгінде Ұйым мүшелері көптеген тиімді іс-шараларды, жасампаз жобаларды табысты жүзеге асыруда. Мен Мемлекет басшысы ретінде «Қазақ тілі» қоғамының әр мүшесіне шынайы ризашылығымды білдіремін, – деп ағынан жарылды Қасым-Жомарт Тоқаев сырлы сөзінің әлқиссасында.


Дәйекке иек артсақ, биыл мектепке барған оқушылардың 71 пайызы қазақ сыныптарына қабылданды. Былтыр шыққан 6 мыңнан астам кітаптың 70 пайызы қазақ тілінде басылды. Осы жылы түсірілген 71 фильмнің 63-і ана тілімізде жол тартып келеді. Ғаламдық OpenAI жүйесінің жүргізген зерттеуіне сәйкес, қазақ тілі соңғы үш жылда жасанды интеллект жүйесіндегі қолданыс аясы қарқынды кеңейіп жатқан тілдер қатарына кірді.

2-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жігерлінің жеңісі

Қарағандылық паражүзуші Диас Кенжебек халықаралық аренадағы жарқын жетістігі үшін мемлекеттік наградамен марапатталды. Жапонияда өткен V Азия параойындарында ел намысын абыроймен қорғаған спортшыға Ақордада ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ерен еңбегі үшін» медалін табыстады.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұны тынымсыз еңбек пен табандылықтың, қайсар рух пен жеңіске деген жігердің лайықты бағасы деп біледі. Құрлық додасында төрт бірдей жүлде иеленген Диас Кенжебек ұлттық құрама қоржынына бір алтын, екі күміс және бір қола медаль салды. Әсіресе, 100 метрге арқамен жүзу сайысында 1 минут 1,98 секунд нәтижесін көрсетіп, Азия рекордын жаңартуы спортшының жоғары дайындығы мен шеберлігін айқын танытты.

Мемлекеттік награда тапсыру рәсімі Ақордада өтіп, онда Азия параойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің еңбегі атап өтілді. Мемлекет басшысының қолынан марапат алу – әр спортшы үшін зор мәртебе әрі алдағы белестерге жігер беретін ерекше сәт.

Өз әсерімен бөліскен Диас арманына сеніп, биік мақсаттарға ұмтылған жандарға жігер сыйлайтын жүрекжарды тілегін жеткізді.

– Мен үшін бұл үлкен қуаныш пен мақтаныш. Бастысы өзіңе деген сеніміңді жоғалтпау. Алда талай ауқымды бәсеке күтіп тұр! – деді спортшы.


Диастың жеңісі – ел спортының мерейін асырған ортақ мақтаныш. Оның табандылығы мен жігері мүмкіндіктің шегі болмайтынын, үлкен жеңістерге сенім мен маңдай тер арқылы жетуге болатынын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Диас Кенжебек – есту және тірек-қимыл аппараты бұзылған спортшылар санатында өнер көрсететін халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Ол паражүзумен 10 жылдан астам уақыттан бері тұрақты айналысып келеді. Осы аралықта талай республикалық және халықаралық жарыста бақ сынап, жүлделі орындардан көрінді. Жылдар бойғы табанды жаттығу мен тынымсыз еңбектің арқасында спорттық шеберлігін шыңдап, жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Бүгінде ол еліміздің намысын халықаралық додада абыроймен қорғап жүрген спортшылардың бірі. Диастың жеке бапкері – тәжірибелі жаттықтырушы Светлана Кучина.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Бұғылы қол бұлғайды

Қарқаралының қарағайлы қырқасы мен қия тасы, тұмса табиғаты ғасырлар бойы талайды тамсандырып, өзіне елітері хақ. Табиғат шіркін бұл өңірге сұлулықты өлшемей берген. Әйтсе де, тек көз сүйсінтер табиғи көріністің өзі қазіргі заманда тұтас туристік индустрияны қалыптастыра алмайды. Бүгінгі талғамы биік саяхатшыға қонақтың қатынауына қолайлы тасжол, түнейтін жайлы орын, сапалы қызмет пен уақытты мәнді өткізетін кешенді мүмкіндік қажет. Қасиетті өлкенің осы орасан әлеуетін жаңа арнаға бұрып, заманауи туризмнің көшіне ілестіру мақсатында Қарқаралының батысындағы Бұғылы баурайында ауқымды рекреациялық аймақ бой көтеріп келеді.



ІШКІ ТУРИЗМ

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кейінгі жылдардың бедерінде Қарқаралыға ағылатын жұрттың қатары еселеп артқаны байқалады. Туризм және спорт министрлігінің ресми мәліметінше, тек биылғы жылдың тоғыз айының өзінде Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне 43 мың адам арнайы ат басын бұрған. Бұл келушілер саны былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 23 пайызға артты. Мұндай оң серпінге, ең алдымен, көлік қатынасының жақсаруы тікелей ықпал еткені даусыз. 2021-2025 жылдар аралығында Қарағанды мен Қарқаралыны жалғайтын 200 шақырымдық күрежол кезең-кезеңімен орташа жөндеуден өтті.

4-бет

БАСПАСӨЗ-2027

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2027 жылға жазылу науқаны басталды. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар, барлығы – бір газетте. «Ortalyq Qazaqstan» – сенімді ақпарат, салмақты сараптама!

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 15 500 теңге	6 ай	16 109,75	11 162,53
		12 ай	32 219,50	22 325,06
Жеке жазылулар үшін	12 айға 7000 теңге	6 ай	7 529,07	6 912,53
		12 ай	15 058,14	13 825,06

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімделеді.«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Баламалы жазылым 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	11 500	27 219,50	16 825,05
Жеке жазылулар үшін	5800	12 858,13	11 725,05

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-778-846-00-01, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Каспи QR арқылы жазылуға болады

«Ortalyq Qazaqstan» – әр шаңыраққа!

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT **502.21** ●USD/KZT **447.52** ●RUB/KZT **5.41** ●CNY/KZT **67.09**

Қазақстан Ұлттық Банкінің 11 қараша, 2026 жылғы дерегі бойынша

Қазақ тілі тұғырдан түспейді

(Соңы. Басы 1-бетте)



Google Gemini моделіне енгізілді, Yandex өнімдерінде қазақ тілін пайдаланушылар саны 30 пайызға артқан. Мұны тілге тиек еткен Мемлекет басшысы тек жетістіктерді санамалап қоймай, нақты міндеттерді де алға тартты. Қазақ тілінің ұлттық цифрлық деректер қорын жасақтау, мұрағат пен кітапхана қорларын цифрландыру, ғылым мен техника тілін қазақша дамыту – алғы күннің мәнді межесі.

– Жалпы, біз қазақ тілінің сөздік қоры өте бай деп жиі айтамыз. Мұның шындық екені де күмәнсіз. Әдеби-мәдени мұрамыз да ұшан-теңіз. Алайда, сол дүниенің көбі кезінде цифрлық жүйелерге толық әрі сапалы көшірілді деп айту қиын. Сол себепті мұрағатта немесе кітапханаларда ғана сақталған қазақ тіліндегі кітаптарды, мерзімді басылымдарды, аудио-бейне жазбаларды, мұрағат (архив) және мұражай (музей) қорларын цифрлық форматқа көшіру ісін қайта жандандыру қажет. Халқымыздың өшпес мұрасы мен рухани байлығы қағаз бетінде емес, цифрлық кеңістікте сақталуға тиіс. Келешек ұрпақ осы игі істің жақсылығын көреді, – деді Мемлекет басшысы.

Төл тіліміздің бірізділік мәселесіне зер салсақ, Мемлекет басшысы 1983 жылы шыққан орфографиялық сөздіктің ескіріп қалғанын ашық айтты. Бұл – өте маңызды ескерту. Жасанды сөздердің шектен тыс көбеюі көне сөздердің араб тіліндегі баламалармен ығыстырылуы – тілдің табиғи дамуына кері әсер ететін құбадұмбіл құбылыстар. Президент осы орайда кәсіби ғалымдардың пікірін тыңдау қажеттігін атап өтті. «Тіл – халықтың қазынасы» дей тұрған болсақ, оны жасанды түрде «тазарту» немесе «жаңарту» әрекеттері кейде тіл табиғатының өзіндік болмысына зарарын келтіруі кәдік жайт. Бабадан жеткен асыл сөз баланың санасында жаңғырып, ғылымның тілінде сөйлеп, сандық кеңістікте еркін өрілген жағдайда тілдің ұмыры ұзарады. Тілді жаңартамыз деп оның табиғи тамырын қылтасынан қырқуға, тазартамыз деп тарихи жадын жұтаңдатуға болмайтыны аксиомалық ақиқат.

– Қазақ тілін халықаралық тілдер қауымдастығында өз орны бар тіл ретінде дамытуымыз керек. Ана тіліміздің өзге тілдермен байланысын қамтамасыз ету өте маңызды. Осы орайда, «Қазақ тілі» қоғамы жүзеге асырған Oxford Qazaq Dictionary жобасын жалғастыру керек деп есептеймін. Мен өзім бұл сөздікті қарап шықтым, жалпы пайдалы еңбек деп санаймын. Қазақ тілін Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі ресми тілдерімен жалғайтын сапалы екі тілді және көптілді сөздіктер әзірлейтін уақыт келді. Қазақ-француз, қазақ-испан, қазақ-қытай, қазақ-араб, сонымен қатар, қазақ-неміс, қазақ-итальян, қазақ-жапон, қазақ-корей, қазақ-парсы сөздіктерін жасау қажет. Қазақ-орыс сөздігін уақыт талабына сай жаңартқан жөн, – деп ордалы ой тұжырды Президент.

Нақтылап өтелік, Oxford Qazaq Dictionary – қазақ-ағылшын және ағылшын-қазақ екітілді сөздік жобасы. Жоталы жоба қазақ тілін әлемдегі ең беделді сөздік жүйесіне яғни Oxford Global Languages платформасына қосу үшін қолға алынды. Осы арқылы төл тіліміз халықаралық лингвистикалық қауымдастыққа ресми түрде кіреді. Ұзын ырғасы төрт жылға созылған ілкімді іске 50-ден астам тіл мамандары қатысты. Сөздік Oxford University Press әдістемесі мен технологиясы бойынша құрастырылып, ресми рұқсатын алды.

Сөздік 60 мыңнан астам сөзді қамтыса, көлемі шамамен 1300-1362 бетті құрайды. Алғы басылымы 2023 жылдың соңында таныстырылды. Қысқаша айтқанда, бұл жоба қазақ тілін халықаралық деңгейге шығарудың маңызды құралы және Oxford стандарты бойынша жасалған алғашқы толыққанды қазақ-ағылшын сөздігі.

Мемлекет басшысы мәлімдемесінің ең бір күшті идеялық бөлігі – тілді бірлік құралы ретінде қарастыруы дерміз. Қасым-Жомарт Тоқаев тілді «жұмсақ күш» ретінде де сипаттады. Димаш Құдайберген, Самал Еслямова, Бибісара Асаубаева, Ерсін Балтағұл, Ерзат Дулатов сияқты көрнекті тұлғалар – қазақ мәдениеті мен тілінің халықаралық деңгейдегі елшілері. Олардың жетістіктері тілдің тек ішкі емес, сыртқы беделін де көтереді. Президент сөзін «Әдеп басы – тіл» деген халықтық мақалмен байланыстырып, «Заң мен тәртіп» қағидатын тіл тазалығымен, қоғамдық этикамен ұштастырды. Бұл – өте маңызды тұжырым. Тіл тек сөз емес, ол – адамның ішкі мәдениетінің сыртқы көрінісі. Қазақ тілі бүгінде тек тірі тіл ғана емес. Ол – цифрлық технологияға еніп жатқан, халықаралық аренада өзін танытып жатқан, ұлттық бірлікті нығайтатын тіл. Бірақ, оның болашағы – бәріміздің ортақ жауапкершілігімізде.

– Өркениетті қоғамда дөрекі сөйлеуге, біреудің ар-ожданына нұқсан келтіруге, өзгелерді кемсітуге, қоқысты көшеге немесе қоғамдық жерлерге лақтыруға, кез келген жерге түкіруге, қоғамдық дүниені бұзып, сындыруға жол берілмейді және ондай әрекет заң бойынша жазаланады. Бұл – барлық құқық қорғау мекемелеріне қатысты жеке және өте маңызды тапсырмам. Отанымызды жаңа өркениетті деңгейге көтеруіміз керек. Осы өзекті жұмыста қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін көтеру, күшейту, дәріптеу тарихи міндет я миссия десек, артық болмас, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің түйінінде.

Задында тілге деген құрмет ұраннан әдетке, әдеттен мәдениетке айналған шамада мемлекеттік мәртебе өміршең мазмұнмен толығады. Адамның қандай ортада өскені оның сөзінен де, ісінен де бек аңғарылады. Тіл мәдениеті мен қоғамдық тәртіптің өзара сабақтасуы сондықтан. Әдеп әлпеттен бұрын сөйлейтінін ескерсек, әдепті сөз – парасаттың, таза тіл – мәдениеттің, орынды сөйлеу – азаматтық жауапкершіліктің белгісі. Тәуелсіздік жалпымызға тіліміздің тағдырын өз қолымызға алуға теңдессіз мүмкіндік сыйлады. Конституция оның мәртебесін айқындады, мемлекет дамыту міндетін белгіледі, ал азаматтық қоғамға оны күнделікті өмірдің өзегіне айналдыру жауапкершілігі жүктелді. Ана тілі – адам баласының дүниеге алғаш ашқан терезесі. Сол терезеден ол жарықты көреді, өмірді таниды, жақсылық пен жамандықтың парқын ажыратады. Ұлттың да рухани әлемге ашылған өз терезесі бар. Ол – туған тілі. Терезесі ашық елдің өрісі кең, көкжиегі алыс болмағы бесенеден белгілі. Қазақ тілін әлемдік өркениетке бастай отырып, оның ұлттық болмысын сақтау – егемен елдің тарихи таңдауы.

Суреттер Akorda.kz

Бірлікке берік байлам

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Рим-католик шіркеуінің Қарағанды епархиясына жаңадан тағайындалған епископ Петр Пытлованимен кездесті. Басқосуда конфессияаралық келісімді нығайту, діни бірлестіктермен өзара іс-қимылды дамыту және олардың өңірдің қоғамдық өміріндегі рөлі талқыланды.



Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды – түрлі этнос пен дін өкілдері қатар өмір сүріп жатқан өңір. Сондықтан қоғамдық келісімді сақтау, өзара түсіністік пен сыйластықты нығайту жергілікті билік жұмысының маңызды бағыттарының бірі саналады. Облыс әкімі жаңа епископпен кездесуде осы мәселеге ерекше тоқталды.

– Біздің өңірде түрлі этностар мен конфессиялар өкілдері тұрады. Қоғамдық келісімді, өзара құрмет пен тұрақтылықты сақтау біздің басымдықтарымыздың бірі болып табылады. Түрлі діни бірлестіктердің өкілдері арасындағы өзара іс-қимыл өзара түсіністік, ел заңнамасын құрметтеу және сақтау қағидаттарына негізделгені маңызды, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Жаңадан тағайындалған епископ үшін Қарағанды өңірі бөтен емес. Петр Пытлованы Қазақстанда ұзақ жыл діни қызмет атқарған. Әр кезеңде Макинск пен Щучинск қалаларындағы католиктік шіркеулерде еңбек етіп, Астанадағы кафедралық соборға жетекшілік жасаған. Сондай-ақ, Қарағандыдағы «Мария – Шіркеудің анасы» епархияаралық жоғары рухани семинариясын басқарған.

Осы тәжірибесін еске алған епископ аймақ басшысына ашық диалог пен католик қауымының қызметіне көңіл бөлгені үшін ризашылығын білдірді.

– Мен Қарағанды өңірін жақсы білемін. Мұнда менің шіркеу және кәсіби қызметімнің едәуір бөлігі өтті. Ашық диалог және біздің қауымның қызметіне байланысты мәселелерге назар аудару мүмкіндігі үшін алғыс айтамын. Одан әрі сындарлы өзара іс-қимылға үміттенемін, – деді Петр Пытлованы.

Қарағандының Қазақстандағы католик шіркеуі тарихында өзіндік орны бар. Өңірмен католик шіркеуі беатификациялаған Владислав Буковинскийдің өмірі мен рухани қызметі тығыз байланысты. Ол ғұмырын діни қызметке, қайырымдылыққа және қиындыққа тап болған адамдарға көмек көрсетуге арнаған.

Бүгінде католик қауымының әлеуметтік бағыттағы жұмыстары да жалғасып келеді. Атап айтқанда, «Каритас» қайырымдылық қоры мұқтаж жандарға қолдау көрсетсе, «Маяк» жастар инклюзивтік орталығы ерекше қажеттіліктері бар жастарға көмек көрсету бағытында қызмет атқарады. Бұл бастамалар діни бірлестіктердің қоғамдық өмірге қатысуының бір көрінісі.

Кездесуде діни ұйымдардың қызметі Қазақстанның зайырлылық қағидаттарына, заң алдындағы теңдік пен ар-ождан бостандығын құрметтеу талаптарына сай жүзеге асырылуы қажеттігі де назардан тыс қалған жоқ.

Өңір басшысы мен епископтың кездесуі өзара диалогты жалғастыруға және қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталды. Өйткені түрлі сенім өкілдерінің бір қоғамда тату өмір сүруінің берік негізі – ортақ заңға құрмет пен өзара сыйластық.

Айта кету керек, облыста 16 католиктік діни бірлестік, 11 жексенбілік мектеп және жоғары рухани семинария жұмыс істейді. Өңірдегі католик қауымы діни қызметпен қатар, қайырымдылық пен әлеуметтік қолдау бағытындағы бастамаларға да атсалысып келеді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖОБА

Білім мен идея тоғысты

Қарағандыда «Талдау мектебі. Қарағанды» жобасының кезекті легі қорытындыланды. Сегіз апта бойы түрлі салада еңбек ететін 60 жас маман деректерді талдау, өзекті мәселелерді анықтау және оларды шешудің тиімді жолдарын әзірлеу бағытында білім алып, тәжірибе алмасты. Бағдарламаның соңында қатысушылар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған командалық жобаларын қорғады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаға мемлекеттік басқару, білім беру, медицина, ғылым, бизнес және қоғамдық сектор өкілдері қатысты. Оқу барысында олар өңірдегі мәселелерді жан-жақты зерделеп, нақты деректерге сүйене отырып, практикалық ұсыныстар дайындады.

Бағдарламаның мазмұны Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстанның жаңа тарихи дәуірдегі өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген басымдықтармен сабақтас. Мемлекет басшысы білім, ғылым мен инновацияның маңызын атап өтіп, адами әлеуетті дамыту, заманауи технологиялар мен жасанды интеллектіні кеңінен енгізу қажеттігіне назар аударған болатын.

Шараға қатысқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жас мамандардың аналитикалық қабілетін арттыру мен олардың білімін өңір игілігіне бағыттаудың маңыздылығына тоқталды. Ол мектеп түлектерін құттықтап, алған білімдерін тәжірибеде қолдануға шақырды.

– Қазір жас мамандардың ақпаратпен жұмыс істей білуі, орын алып отырған проблемаларды көріп, оларды шешудің негізделген жолдарын табуы маңызды. Біз үшін «Талдау мектебі. Қарағанды» жобасы аясында алған білімнің іс жүзінде қолданылуы да ерекше мәнге ие. Өңірге стратегиялық ойлауға және оның дамуына нақты үлес қосуға қабілетті бастамашыл, жоғары білімді және құзыретті мамандар қажет, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Жобаның негізгі мақсатының бірі – облыстағы өзекті мәселелерге объективті баға беріп, оларды шешудің тиімді жолдарын ұсына алатын кәсіби сарапшылар қауымдастығын қалыптастыру. Осы орайда аймақ басшысы екі лек түлектерінің басын қосатын ортақ алаң құруды ұсынды. Мұндай мүмкіндік жас мамандардың аудан мамандарымен тәжірибе алмасып, жинақтаған білімін бөлісуіне жол ашады.

Бағдарламаның екінші легі «Іс-қимыл стратегиясы: Қарағанды облысын дамыту үшін Data-Driven тәсілі мен ақылды шешімдері» тақырыбында жұмыс істеді. Сегіз апта ішінде қатысушылар өңірдің жеті маңызды бағытын қамтитын талдамалық баяндамалар мен практикалық ұсынымдар әзірледі.

Зерттеу жұмыстары моноқалалардың экономикасын әртараптандыру, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау, мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді орта қалыптастыру және тең мүмкіндіктерді кеңейту мәселелерін қамтыды. Сонымен бірге, агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтарды дамыту, әлеуметтік интеграция және аға буын өкілдерінің белсенді ұзақ өмір сүруіне жағдай жасау бағыттары да назардан тыс қалған жоқ.



Бұл жұмыстарға бірінші лек түлектері де атсалысты. Облыс әкімінің бастамасымен олар «Қарағанды облысының еңбек нарығы: жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің құрылымдық шарттары мен нәтижелілігі» тақырыбында байқаудан тыс зерттеу жүргізді.

Қатысушылардың айтуынша, мектеп олардың күнделікті кәсіби қызметінен бөлек, өңірлік мәселелерге кеңірек көзқараспен қарауға мүмкіндік берген. Түрлі сала мамандарымен бір командада жұмыс істеу де тәжірибе алмасуға жол ашты.

Мәселен, Kazcentrelectroprovod кабель зауытының қызметкері Алексей Рукабер экологиялық мәселелерді зерттеген топтың құрамында болды. Ол оқу барысында қалыптасқан кәсіби ортаның ерекше әсер қалдырғанын жеткізді.

– Нәтиже менің күткенімнен бірнеше есе асып түсті. Мен спикерлердің сонша-лықты күшті және ынталы командасы жиналады деп ойламаған едім, – деп өз ойымен бөлісті Алексей.

Ал, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселесін зерттеген топтың мүшесі Айдын Кернебаев жеке қосалқы шаруашылықтардың жағдайына назар аударылғанын айтты. Оның сөзінше, мұндай шаруашылықтардың ірі шаруа қожалықтарымен салыстырғанда техникаға, жер ресурстарына және мемлекеттік қолдауға қол жеткізу мүмкіндіктері шектеулі. Оның пікірінше, түрлі салада еңбек ететін мамандармен танысып, кәсіби байланыс орнатудың маңызы зор.

Жалпы, «Талдау мектебі. Қарағанды» жас мамандарды заманауи сараптама әдістеріне баулып қана қоймай, өңірдің нақты әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге тартуды көздейді. Жобаның алғашқы легінің өзінде 21 түлек облыстың консультативтік-кеңесші органдарының құрамына енген.

Бұған қоса, мектеп қатысушылары әзірлеген талдамалық материалдар Қарағандының «ТМД Жастар астанасы – 2028» мәртебесін иеленуіне байланысты жұмыстарда да қолданылуда.

Осылайша, жоба жас мамандардың кәсіби әлеуетін арттырумен қатар, олардың өңірлік даму үдерісіне тікелей араласуына мүмкіндік беретін сараптамалық алаңға айналып келеді.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

«Әділет» партиясы: халықпен бірге, ортақ мақсат жолында

Қарағанды облысында 2-6 қараша аралығында «Әділет» партиясының атынан ұсынылған кандидаттар тұрғындармен, түрлі сала мамандарымен және ірі кәсіпорындардың еңбек ұжымдарымен бірқатар кездесу өткізді. Бес күнге созылған жұмыс барысында өңірдің өндірістік әлеуеті, энергетика, әлеуметтік қолдау, білім беру, ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері назарға алынды.



Кездесулердің басты мақсаты – халықпен тікелей байланыс орнатып, әр саланың тыныс-тіршілігімен танысу, тұрғындардың ұсыныстары мен пікірлерін тыңдау. Осы бағытта кандидаттар Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск, Балқаш қалаларында және облыстың бірқатар ауданында болды.

Алғашқы күннен-ақ кездесулер өндіріс пен әлеуметтік саланы қатар қамтыды. Қарағанды қаласындағы «Теплотранзит» ЖШС еңбек ұжымымен өткен жүздесуде энергетика саласының маңызы мен оның өңірдің тұрақты дамуына қосатын үлесі назарға алынды. Сондай-ақ, зейнеткерлермен, көпбалалы аналармен және мүмкіндігі шектеулі азаматтармен кездесулер ұйымдастырылды. Теміртау қаласында мәдениет саласының өкілдерімен және тұрғындармен жүздесу өтті.

– Біздің басты міндетіміз – халықпен ашық сөйлесіп, олардың ұсыныстары мен талап-тілектерін тікелей тыңдау. Әр саланың өзіне тән мәселелері бар. Сондықтан, өндіріс жұмысшыларымен де, кәсіпкерлермен де, әлеуметтік сала өкілдерімен де жеке кездесудің маңызы зор. Осындай диалог арқылы өңірдің өзекті мәселелерін тереңірек түсініп, оларды шешу жолдарын қарастыруға мүмкіндік аламыз, – деді кандидат Бекзат Алтынбеков.

3 қарашадағы кездесулер барысында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы салалары қамтылды. Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Су» кәсіпорнының қызметкерлерімен өткен кездесуде коммуналдық инфрақұрылым саласының өкілдерімен пікір алмасуға мүмкіндік туды. Саран қаласындағы психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекеме ұжымымен және Шахтинск қаласындағы «Құрылысмет» ЖШС қызметкерлерімен де жүздесулер өткізілді.

Ал, Теміртауда шағын және орта бизнес өкілдерімен кездесу ұйымдастырылып, Бұқар жырау ауданының Баймырза ауылында жергілікті тұрғындармен әңгіме өрбіді. Бұл кездесулер қалалық және ауылдық жерлердегі мәселелерді қатар қарастыруға бағытталды.

– Қоғамның дамуы әрбір азаматтың өмір сапасымен тікелей байланысты. Әсіресе, әлеуметтік қолдау, сапалы білім мен медициналық қызметке қолжетімділік мәселелері үнемі назарда болуы керек. Біз кездесулер барысында тұрғындардың пікірін тыңдап қана қоймай, олардың ұсыныстарын тиісті деңгейде қарастырудың маңыздылығын да ескереміз. Халықпен тұрақты байланыс орнату – нәтижелі жұмыстың негізі, – деді кандидат Данияр Сакенов.

4 қарашада өндіріс орындары мен кәсіпкерлік саласының өкілдерімен кездесулер жалғасты. Қарағанды қаласындағы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында өткен жүздесуде бизнес өкілдерімен кездесу ұйымдастырылды. Сонымен қатар, №3 автопарк қызметкерлерімен, Теміртаудағы «Имстальконструкция» ЖШС және «Карцемент» АҚ еңбек ұжымдарымен кездесулер өтті.

Абай ауданындағы «Шанс» шаруа қожалығының қызметкерлерімен және «Абайская» шахтасының кеншілерімен өткен жүздесулер де жұмыс кестесінен орын алды. Осылайша, бір күннің ішінде кәсіпкерлік, көлік, ауыл шаруашылығы және тау-кен өндірісі салаларының өкілдерімен байланыс орнатылды.

Келесі күні кездесулер энергетика, тамақ өнеркәсібі, білім беру және тау-кен өндірісі салаларында жалғасты. «Қарағанды Жарық» ЖШС мен «Евразиан Фудс» АҚ еңбек ұжымдарымен жүздесулер өткізілді. Нұра ауданында Б. Әбдікәрімов атындағы Нұра көпсалалы колледжінің қызметкерлерімен және «Шахтерское» ЖШС ұжымымен кездесу ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, Шет ауданындағы «Nova Цинк» ЖШС мен Балқаш қаласындағы «Kazakhmys Smelting» кәсіпорнының жұмысшылары кандидаттармен жүздесті. Өңір экономикасында маңызды орын алатын бұл кәсіпорындардағы кездесулер өндірістік саланың өкілдерімен тікелей пікір алмасуға жол ашты.



– Қарағанды облысы – өнеркәсіптік әлеуеті жоғары өңір. Сондықтан, өндіріс орындарының тұрақты жұмыс істеуі, еңбек адамдарының жағдайы және кәсіпорындардың дамуына қолайлы жағдай қалыптастыру маңызды. Жұмысшылармен тікелей кездесудің артықшылығы – олардың күнделікті жұмыс барысында кездесетін мәселелерін өз аузынан естуге болады. Мұндай пікірлер өңірдің даму бағыттарын айқындауда ескерілуі тиіс, – деді кандидат Ербол Сармурзин.

6 қарашада кездесулердің географиясы тағы да кеңейе түсті. Теміртаудағы «Qarmet» АҚ және Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС-нің №3 жылу электр орталығы еңбек ұжымдарымен жүздесулер өтті. Бұқар жырау ауданының Доскей ауылындағы «Seven Refractories Asia» ЖШС қызметкерлерімен де кездесу ұйымдастырылды.

Бұдан бөлек, Қарқаралы ауданындағы оңалту орталығының ұжымымен, Осакаров ауданының тұрғындарымен және зейнеткерлерімен кездесулер өткізілді. Бұл жүздесулерде өндірістік кәсіпорындармен қатар денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау салалары да назардан тыс қалмады.

Осылайша, бес күн ішінде «Әділет» партиясының кандидаттары облыстың түрлі қалалары мен аудандарын аралап, қоғамның әртүрлі әлеуметтік және кәсіби топтарымен жүздесті. Өндіріс жұмысшыларынан бастап, ауыл тұрғындарына дейінгі кең ауқымды қамтыған кездесулер халықпен тікелей байланыс орнатудың маңызды алаңына айналды.

Халықпен жүздесу – тек пікір алмасу ғана емес, қоғамның сұранысын түсінудің де жолы. Сондықтан, мұндай кездесулер өңірдің өзекті мәселелерін анықтап, оларды шешу бағытындағы ұсыныстарды қалыптастыруға негіз болады.

Дайындаған:
Ералы ҒАНИ,
«Әділет» партиясының Қарағанды облыстық филиалының баспасөз қызметі
Тапсырыс беруші:
Б.Қ.АЛТЫНБЕКОВ
Төлем «Әділет» партиясы қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық мәслихаты депутаттарының сайлауында партиялық тізімді ұсынған сайлау қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылды

Таза қалаға кім жауапты?

Аймақтағы «Таза Қазақстан» акциясы әдепкі сенбіліктермен әсте шектелмейді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауында өркениет жолындағы республиканың саналы өміріндегі әр маңызды сауал қадағалауда болатынын назардан тыс қалдырмады. «Сайып келгенде, қуатты қалалар қуатты аймақтардың, ал, қуатты аймақтар күшті мемлекеттің негізін қалайды», – деді Президент.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жолдау жолдарына үңілгенімізде, әдепкі тазалық ұғымы әлдебір мекенді құр «көгалдандыру науқанынан» мемлекеттік міндетке көтерілгенін бірден аңғарамыз.

– Қалалардың қауіпсіз, жайлы, көрікті болуына басымдық, яғни, приоритет ретінде қарай отырып, бұл істі аса маңызды мемлекеттік міндет деп қабылдау керек. Бұл – «Таза Қазақстан» жалпыұлттық тұжырымдамасына толық сай келетін талап, – деп нақтылады Мемлекет басшысы.

Демек, қауіпсіз, жайлы, көрікті қала – «Таза Қазақстанға» сай мемлекеттік міндет. Өңірде серіктес шаһарлар мен ірі өндіріс бір географиялық нүктеде тоғысып тұр. Өз кезегінде облыс орталығы қоғамдық кеңістіктің сапасын сатылап көтереді. Теміртау, Балқаш, Саран өндіріс маңындағы тұрмысты ретке келтіріп келеді. Атаулы қағидат мұнда да өмір сүру сапасының шарты деп қабылданады.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Жолдауды іске асырудың бірыңғай жоспарын әзірлеуді тапсырды. Жоспарда әр міндеттің мерзімі, нәтижесі және жауапты тұлғасы нақты белгіленді. Басымдықтардың ішінде елдімекендерді абаттандыру мәселесі айқындалды. Таза қала осы тізімнің тысында қалмайды. Мұнтаздай аула, жарық көше, мәдениетті өлшемдегі контейнер алаңы, күтімдегі жасыл желек дерлік бақыланады.

«Таза Қазақстан» – бір реттік акция емес. Бұл – біздің күнделікті жұмысымыз, айналамыздағы тазалық пен тәртіпке деген жауапкершілігіміз. Әсіресе, аулалардың, жаяу жүргіншілер жолдарының, саябақтар мен гүлзарлардың тазалығы әрдайым маңызға ие. Абат өңір барлығымыз бірігіп тазалық тәртібін сақтаған жағдайда ғана қамтамасыз етіледі, – деп аймақ басшысының үндеу жасағаны бұқара жұртшылықтың есінде.

Заңнамалық негіз де бар. 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетін дамыту тұжырымдамасы облыста бесжылдық жоспармен іске асады. Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаевтың мәлімдеуінше, мұндағы бағыттар нақты сипат алған. Экологиялық тәртіп бұзушылықты тіркейтін камераны көбейту, суару жүйесі мен су үнемдейтін технология, су шығынын есепке алу, велоинфрақұрылым және электромобильге арналған зарядтау стансасы, қоғамдық орындағы экобокс пен фандомат арқылы бөлек жинау мәдениетінің әсте-әсте қалыптанатынын тілге тиек етті спикер.

Облыс орталығының биылғы көгалдандыру жоспары ауқымды. Қалада 25 мыңнан астам ағаш егілген. Акцияға биыл 45 мыңға жуық адам қатысса, соның 5 мыңнан астамы – қарағандылық болғанын ескере кетеміз. Этнобақ аумағына 1,5 мың қарағай, қайың және терек егілді. Әуежайға апаратын жолдың айқындауыш жолағы абаттандырылып, жиектас қойылды. Тұрақ аймақтары кеңейтіліп, көшелердегі жарық жүйесі жаңғыртылды. 1,2 миллионнан астам ағаш пен бұта цифрланған. 328 мектепте «жасыл қор» бар. Жасыл желек ендігіде ұмытыла салмайды. Алқап иесі, күтімі бақыланады.

Теміртауда 11,4 мың текше метрден астам қоқыс шығарылды, ұзындығы 2,93 шақырым Металлургтер даңғылына күрделі жөндеу жалғасты. «Таза Қазақстан» ақпараттық жүйесіне келіп түскен 101 өтініштің бәрі мерзімінде орындалды. Барлық өңірде тал егілген жерге тамшылатып суару жүйесі жолға қойылған. Бұл – су үнемдеу талабының корпоративтік нұсқасы. Облыс қалалары мен аудандарында абаттандыру қағидасын бұзуды тіркейтін 520 бейнекамера орнатылды. Полиция мен экология өкілдеріне заңсыз үйіндіні анықтап, жауапкершілікке тартуды күшейту тапсырылды. Күзгі санитарлық айлықта өңірден 20 мың тоннадан астам қоқыс шығарылған.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында облыста 40 мыңға жуық абаттандыру қағидасын бұзу дерегі анықталған. Талапты елемеген 500-ге жуық тұрғын және 800-ге жуық кәсіпкерлік нысан әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Жергілікті атқарушы органмен бірге 200-ден астам заңсыз қоқыс орны жойылып, 120-ға жуық көлік айыппұл тұрағына қойылған. Жиі кездесетін әдет қатарында ескі жиһаз, есік, сантехника мен тұрмыстық техниканы контейнердің қасына тастау да бар.

Қауіпсіз, жайлы, көрікті қала – басымдық және мемлекеттік міндет. Елде 2024 жылы 5 миллион тоннаға жуық қатты тұрмыстық қалдықтың 1,2 миллион тоннасы, яғни, 25,8 пайызы сұрыпталып, қайта өңделген. 2025 жылы бұл көрсеткіш 1,5 миллион тоннаға, 30,6 пайызға жеткен. Үкімет Қарағандыны да қоса алғанда бірқатар қалада қалдықты кәдеге жарату зауытын пысықтап жатыр. Индустриялық өңір үшін бұл – үйіндіні азайтудың келесі технологиялық қадамы.

Әсілі, адам баласы өзі өмір сүретін ортаның келбетінен өз болмысын да көре білері haқ. Кеше егілген көшеттің ертең салқын ортаға айналуы, бүгін тазартылған көшенің келер ұрпаққа көрікті мекен болып қалуы – уақытпен өлшенетін құнтты құбылыс.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ұлттың ұлы мұраты

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

Тарихтың тереңіне үңілсек, ұлттың ұлы мұраты әрдайым елдіктің тұғырын бекемдеу, жердің тұтастығын сақтау, ұрпақтың болашағына жол ашу болғанын аңғарамыз. Қазақ халқының сан ғасырлық шежіресінде ел болу, жер болу, өркениет көшінен қалмау идеясы ешқашан өз маңызын жоғалтқан емес. Кешегі Керей мен Жәнібек құрған Қазақ хандығынан бастап, Абылай ханның ел бірлігін нығайту жолындағы саясаты, Алаш арыстарының азаттық пен өркениетті мемлекет құру жөніндегі арманы – барлығының түпкі мақсаты бір еді. Ол – тәуелсіз, қуатты, білімді әрі өркениетті ел қалыптастыру.

Осы тарихи мұрат бүгінгі Қазақстанның даму бағытында да айқын көрініс тауып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауы – ел дамуының алдағы басымдықтарын айқындап, жаңа тарихи кезеңдегі стратегиялық міндеттерді белгілеген маңызды саяси құжат. Биыл тәуелсіздігіміздің 35 жылдығын атап өтіп отырған еліміз үшін бұл кезеңнің тарихи маңызы ерекше. Өйткені, Тәуелсіздік – тек мемлекеттік шекара мен саяси дербестік қана емес, ол – экономикалық қуат, рухани тұтастық, ұлттық сана және болашақ алдындағы жауапкершілік. Сондықтан, Президент Жолдауында көтерілген мәселелердің барлығы елдің ұзақ мерзімді дамуы мен ұлттық мүддені нығайтуға бағытталған деп есептеймін.

Жолдаудағы ұлттық бірлік, заң үстемдігі, жауапты азамат қалыптастыру мәселелері де қоғамның рухани жаңғыруымен тығыз байланысты. Қай заманда да мемлекеттің беріктігі оның азаматтарының өзара сенімі мен ортақ мақсатқа жұмыла білуінен көрінеді. Елдің дамуы тек Үкіметтің немесе жекелеген мемлекеттік органдардың міндеті емес. Бұл – қоғам болып атқарар ортақ жауапкершілік. Меніңше, Президент Жолдауының басты маңызы – Қазақстанның жаңа тарихи кезеңдегі даму бағдарын айқындап, елдің экономикалық қуатын, технологиялық әлеуетін және қоғамдық тұтастығын нығайтуға бағытталған нақты міндеттерді белгілеуінде. Ендігі кезекте осы бастамалардың әр өңірде жүйелі жүзеге асуы, белгіленген міндеттердің нақты нәтижеге айналуы маңызды. Тарих бізге бір ақиқатты үйретті: ұлттың ұлылығы өткен тарихымен ғана емес, бүгінгі жасампаз еңбегімен және ертеңге деген сенімімен өлшенеді.

Бабаларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған қасиетті жерді бүгінгі ұрпақ біліммен, еңбекпен, бірлікпен және жасампаздықпен өркендетуі тиіс. Өткенін ұлықтаған елдің болашағы баянды, тарихынан тағылым алған ұрпақтың тұғыры биік болады. Ендеше, тәуелсіздіктің тұғырын нығайтып, жаңа дәуірдің талаптарына сай дамыған, экономикасы қуатты, рухы биік, бірлігі бекем Қазақстанды қалыптастыру – баршамызға ортақ міндет.

Осы орайда, елдің болашағына деген жауапкершілік ең алдымен әр өңірдің дамуына, туған жердің өркендеуіне қосқан үлеспен өлшенетіні анық. Қарағанды облысы үшін де Президент Жолдауында белгіленген міндеттердің мәні зор. Өндірістік әлеуеті жоғары Сарыарқа өңірінде экономиканы әртараптандыру, кәсіпорындарды жаңғырту, жаңа технологияларды енгізу, білім мен ғылымды дамыту – елдік мұратқа қызмет ететін маңызды бастамалар.

Сағат ҚАЛИЯСҚАРОВ,
Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейінің кіші ғылыми қызметкері

Азаматы ауылын танытады

Ақтоғай ауданында ауыл мен қала арасындағы байланысты нығайтып, тұрғындардың күнделікті тұрмыстық қажеттіліктерін өтеуге үлес қосып жүрген кәсіпорындар аз емес. Солардың бірі – былтырдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Sapa mix» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі. Құрылғанына көп уақыт өте қоймаса да, кооператив мал шаруашылығы мен сауда-саттық саласында бірқатар бастаманы жүзеге асырып, жергілікті тұрғындардың сұранысын қамтамасыз етіп келеді.

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, кооперативтің негізгі мақсаты тауарлардың қолжетімді бағамен саудалануында. Осы бағытта кәсіп иелері халыққа көмір, мал азығының түр-түрін және құрылыс материалдарын тиімді бағамен ұсынып келеді. Тіпті, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау үшін тауарларды үстемеақысыз, бөліп төлеу тетігі де қарастырылған.

Кооператив құрылтайшыларының бірі Марат Көкеев – осы өңірдің тумасы. Туған жердің тыныс-тіршілігін жақсы білетін кәсіпкер бүгінде елдімекеннің экономикалық әлеуетін арттырып, ауыл халқының күнделікті тіршілігін жеңілдетуге өзіндік үлес қосып келеді.

– Негізі, көмір тасымалдаумен айналысатын өзге де жеке кәсіпкерлер бар. Алайда, біздің басты артықшылығымыз – тұрғындарға тауарды бөліп төлеу мүмкіндігін ұсынуымызда. Қанша тонна көмір алса да, ақысын бөліп төлей алады. Ол үшін тек бір тоннаның құнын алдын ала төлесе жеткілікті. Мұндай тиімділік тек көмірге ғана емес, шөп, арпа, бидай, кебек, тіпті, отын-су мен құрылыс материалдарына да қарастырылған. Бұдан бөлек, бізде көмірді, жем-шөпті, құрылыс материалдарын малға айырбастауға да болады. Ет өнімдерін де өзара келісім негізінде өткіземіз. Тұрғындардан алынған малдың етін Қарағанды қаласындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін сататын дүкенімізге жөнелтеміз, – дейді Марат Керімбайұлы.

Кооперативтің алдағы жоспары да ауқымды. Кәсіп иелері сауда-саттықпен шектелмей, егін шаруашылығын дамытып, мал бордақылау ісін қолға алуды көздеп отыр. Қазірдің өзінде аудан орталығынан 30 шақырым қашықтықтағы жер телімінде мал азығына қажетті дақылдар өсіруде. Алдағы уақытта егіс алқабын ұлғайтып, өндіріс көлемін арттыру жоспарланған.

– Былтыр 100 гектар жерге жоңышқа мен судан шөбін егіп, жақсы өнім алдық. Келер жылы егіс көлемін 200 гектарға дейін жеткізгіміз келеді. Жиналған өнімнің бір бөлігін сатылымға шығарсақ, қалғанын өз қажетімізге пайдаланамыз. Бұдан бөлек, картоп егуді де қолға алмақпыз. Ендігі мақсатымыз – осы маңнан 200 бас жылқыға арналған бордақылау алаңын салу. Жоспарымыз жүзеге асса, жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік туады.

Қазіргі таңда кооперативтің меншігінде 30 тонналық жүк көлігі мен тиегіш техника бар. Ал, ауыл арасында көмір тасымалдайтын өзге жүк көліктерін жалға аламыз. Сонымен қатар, аудан аумағында ірі мал базарын ашу жоспарда бар. Себебі, жыл сайын еліміздің оңтүстік өңірлерінен мал сатып алушылар келеді. Олар мал алу үшін әр ауылды, әр қыстақты аралап жүруге мәжбүр. Бұл уақыт пен қаражатты талап етеді. Сондықтан, барлық малды бір жерге шоғырландыратын сауда алаңының болғаны тиімді. Мұндай базар мал сатушылар мен сатып алушыларға да қолайлы жағдай жасап, ауданның сауда-саттық әлеуетін арттыруға септігін тигізер еді, – дейді Марат Көкеев.

Қаладағы кәсібін қойып, туған ауылына оралған кәсіпкердің басты ұстанымы – ауылдың өркендеуіне үлес қосу. «Ауылға да білікті әрі іскер кәсіпкер қажет» дейді өзі. Осыдан үш ай бұрын ауданның жаңадан бой көтерген Солтүстік шағынауданында аумағы 500 шаршы метр болатын өндірістік цех та ашыпты. Бүгінде мұнда азық-түлік, ет және нан өнімдері әзірленіп, тұрғындарға ұсынылуда. Бұл да кәсіпкердің туған жердің әлеуетін арттырып, ауыл халқын қажетті өнімдермен қамтамасыз етуге бағытталған кезекті бастамасы екен.

Ақтоғай ауданы

Суретті түсірген автор

Мал емдеудің маңызы зор

Бизнесті бастауға және оны өркендетуге бағытталған мемлекеттік қолдаудың маңызы зор. Әсіресе, ауыл тұрғындарына кәсіп ашып, өз ісін дамытуға мүмкіндік беретін «Ауыл аманаты» бағдарламасының игілігін көріп отырғандар аз емес. Солардың бірі – Осакаров ауданының тұрғыны, ветеринар Асхат Құсайынов. Ол бағдарлама аясында 2 миллион теңге көлемінде грант иеленіп, жеке ветеринарлық клиника ашуға кіріскен. Бөлінген қаражатқа қажетті құрал-жабдықтар сатып алып, ауыл шаруашылығы және үй жануарларына ветеринарлық қызмет көрсетуді қолға алуда.

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Асхат Құсайыновтың ветеринария саласына деген қызығушылығы бала кезінен басталған. Әкесі Қайрат Құсайынов – зоотехник. Әке жолын көріп өскен Асхат та жастайынан жануарлардың жай-күйіне ерекше көңіл бөліп, осы салаға ден қояды. Содан Қарқаралы ауылшаруашылық колледжіне оқуға түсіп, 2016 жылы тәмамдайды. Ал, 2023 жылдан бастап, аудандағы жеке қосалқы шаруашылықтар мен шаруа қожалықтарына ветеринарлық қызмет көрсетіп, жануарларды емдеп келеді. Одан бөлек, дезинфекция, дезинсекция және дератизация жұмыстарын да қатар алып жүр. Ауданда сапалы әрі қолжетімді ветеринарлық көмекке сұраныстың жоғары екенін байқаған кәсіпкер жеке клиника ашуды ұйғарған. Сөйтіп, аудан орталығынан өз қаражатына модульдік ғимарат сатып алып, онда келушілерді қабылдауға қажетті жағдай жасауға кіріседі. Алайда, өзіндегі қаражат жеткіліксіз болған соң, аудан әкімдігі ұсынған гранттық бағдарламаға қатысып, нәтижесінде, грант иегері атанған. Сол грантқа қажетті жиһаздар мен құрылғыларын сатып алып, жөндеу жұмыстарын аяқтапты.

– 2023 жылы ауданға қарасты Николаевка ауылында кәсібімді бастадым. Бір жыл бұрын аудан орталығына көшіп келіп, модульдік ғимарат сатып алдым. Содан бері оны жөндеп, клиника ретінде жабдықтау жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Бүгінде жөндеу жұмыстары толыққанды аяқталған. Тек, ірілі-ұсақты жұмыс қана қалып тұр. Осы айдың соңына дейін клиникамызды ашуды жоспарлап отырмыз. Әзірге ресми түрде тіркеліп, қол астымда еңбек етіп жүрген маман жоқ. Дегенмен, алдағы уақытта екі адамды жұмыспен қамтуды жоспарлап отырмын. Клиникада жануарларға вакцинация жасау, кастрациялау және стерильдеу, микрочип орнату, халықаралық ветеринарлық паспорт рәсімдеу, емдік және алғашқы ветеринарлық көмек көрсету қызметтері ұсынылады. Сонымен қатар, емханамен қатар ветеринарлық дәріхана ашу да жоспарда бар, – деді Асхат Құсайынов.

Маманның айтуынша, клиникада ота да жасалып, малды сұйық азотпен таңбалау қызметі де ұсынылмақ. Қазіргі таңда Асхат Құсайынов жергілікті шаруа қожалықтарымен тығыз байланыс орнатып, олардың мал басына жоспарлы профилактикалық шаралар жүргізіп келеді. Келешекте кәсібінің ауқымын кеңейтіп, қызмет түрлерін көбейтуді мақсат етіп отыр. Осы мақсатта кәсіпкер мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдаланып, жеңілдетілген несие алуды да жоспарлап отырғанын жасырмады.

– Аудан әкімінің грантын немесе «Даму» қоры ұсынатын бағдарламаларды да қарастыру ойымда бар. Өйткені, клиниканың материалдық-техникалық базасын әлі де жетілдіру қажет. Атап айтқанда, қан анализаторы, рентген және ультрадыбыстық зерттеу (УЗИ) аппараттарын алуды жоспарлап отырмыз. Мұндай медициналық жабдықтардың бағасы қымбат болғандықтан, оларды бірден сатып алу оңай емес. Сондықтан, мемлекет ұсынатын жеңілдіктер мен қаржылай қолдау тетіктерін пайдаланып, кәсібімізді кезең-кезеңімен дамытқымыз келеді. Жалпы, ветеринария – қызығы мен шыжығы қатар жүретін, үлкен жауапкершілікті талап ететін сала. Жануардың тілін түсініп, оның дертіне дауа табу үшін тек білім мен тәжірибе жеткіліксіз. Жанашырлық та қажет, – деді Асхат Құсайынов.

Кәсіпкер алдағы уақытта клиниканың жұмысы кеңейіп, заманауи құрал-жабдықтар алынады деп баса айтты. Олай болса, ауыл шаруашылығы жануарлары мен үй жануарларына көрсетілетін ветеринарлық көмектің сапасы да арта түспек. Ал, сапалы ветеринарлық қызмет – мал саулығының, шаруашылық тұрақтылығының және ауылдағы кәсіптің өркендеуінің маңызды кепілі.

Осакаров ауданы

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Бұғылы қол бұлғайды

(Соңы. Басы 1-бетте).

Десе де, туристердің күрт көбеюі қызмет көрсету сапасы мен аймақтық инфрақұрылымға қойылатын талапты да еселеп күшейтеді. Өйткені, бір күндік қысқа сапармен келген қонақ пен бүкіл отбасын ертіп, бірнеше күн демалғысы келетін саяхатшының сұранысы мүлде бөлек. Біріне тауға шығатын қауіпсіз соқпақ пен қарапайым бағыт көрсеткіштері жеткілікті болса, екіншісіне жылы да жайлы қону орны, дәмді тамақтану желісі, балаларға арналған қауіпсіз ойын алаңдары мен бос уақытын тартымды өткізетін кешенді қызмет қажет. Жалпы алғанда, кез келген туристік аймақтың өміршеңдігі мен бәсекеге қабілеттілігі осындай ұсақ көрінгенмен, аса маңызды қажеттіліктерді қаншалықты деңгейде ескере алғанына тікелей байланысты.

Осы орайда қолға алынған «Бұғылы» жобасының басты мұраты – қонақтарды жылдың төрт мезгілінде де тоқтаусыз қабылдай алатын біртұтас туристік кеңістік құру. Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне іргелес жатқан 75 гектар алқапты мақсатты түрде бес функционалдық бөлікке бөлу көзделген.

Нақтырақ айтсақ, 6,9 гектарды құрайтын демалыс аймағында заманауи визит-орталық, жаяу серуендеу орындары мен жайлы күркелер қарастырылған. Тоғыз гектарға жоспарланған этноауылда қазақтың ақбоз үйлері тігіліп, ұлттық тағамдар ұсынылады және жылқымен байланысты (атпен серуендеу, ат спорты) танымдық демалыс түрлері дамытылмақ. Ал, 7,4 гектарлық ойын-сауық саябағында заманауи балалар мен спорт алаңдары, қауіпсіз велосипед жолдары салынады. Ең үлкен аумақ – 18 гектар жер демалыс үйлеріне берілсе, 8,7 гектар тікелей тау шаңғысы кешеніне арналған.

Демалыстан бастап белсенді спорт пен танымдық этнотуризмге дейін бірнеше бағытты бір арнаға тоғыстыру жоспарланып отыр. Әсіресе, қысқы спортқа арналған бөліктің мәні бөлек, салмағы зор. Шаңғы трассасы мен аспалы жол (канатная дорога) іске қосылса, Қарқаралының табиғатын көруге ниетті адамдарға маусым талғамайтын мүмкіндік ұсынылады. Бұл жергілікті демалыс орындарының жұмыс ырғағын да түбегейлі өзгертіп, қыс айларындағы «өлі маусым» түсінігін жоймақ. Дегенмен, шаңғы трассасы мен аспалы жолдың салынуы алдағы инвестициялық кезеңнің, яғни ірі жекеменшік капитал тартудың еншісінде екенін ұмытпаған жөн.

– Қарқаралыға келушілер қатары жыл санап артып келеді. Біздің алдымызда тұрған ендігі басты міндет – осы қызығушылықты тұрақты әрі сапалы туристік ағынға айналдырып, жоғары деңгейде қызмет көрсететін ортаны қалыптастыру. Дайын инфрақұрылым болмаса, ешбір инвестор қаржы құймайтыны белгілі. Сондықтан, қазіргі құрылыс кезеңінде мемлекет қаражаты тікелей су, кәріз, электр жарығы және жол желілерін жеткізуге бағытталған. «Бұғылыда»



демалыстың бірнеше бағытын біріктіру арқылы біз қонақтардың мұнда бірнеше күнге ұзағырақ аялдауына, ал, жергілікті кәсіпкерлердің жаңа іс бастауына толыққанды мүмкіндік жасауды көздейміз, – деді аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Нариман Есов.

Нариман Жұмақожаұлының айтуынша, бүгінде жұмыстардың 60 пайызы дайын. Ауқымды істің нәтижесінде нысанда 5 шақырым су құбыры және 4,89 шақырым кәріз желісі жүргізілген. Сонымен қатар, 65 су құбыры, 110 кәріз құдығы орнатылып, 446 электр тірегі бой көтерген және жалпы ұзындығы 31 972 метрді құрайтын электр кабелі тартылды. Мұның бәрі – болашақ кәсіпкерлер үшін дайын «тұғыр». Яғни, кәсіпкер қонақүй немесе дәмхана салар болса, жарық пен су тартуға миллиондаған қаражат пен уақытын шығындамайды, дайын желіге қосыла алады.

Қаржыландыру деректеріне үңілсек, жұмыс ырғағы жаман емес. Облыстық және жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат толықтай игерілген. Ал, биылғы жылы облыстық бюджеттен қаралған қомақты қаржы мен аудандық бюджеттен бөлінген қаражаттың барлығы мақсатты түрде жұмсалған. Әйткенмен, жобаны толық аяқтауға әлі де миллиардтаған теңге қажет. Алда жол жабындысын төсеу, аумақты абаттандыру, қуатты трансформаторларды орнату секілді ауқымды жұмыстар күтіп тұр.

Осы мемлекеттік инфрақұрылым тартылғаннан кейін барып жеке инвестицияның жолы ашылады. Жоспарға сәйкес, туристік нысандар салу үшін таяу уақытта 18 жер учаскесі ашық аукционға шығарылады. Одан бөлек, жыл бойы үзіліссіз жұмыс істейтін 56 демалыс үйі мен заманауи глэмпингтерде барлығы 366 орын ұйымдастыру идеясы дайын тұр.

Болашақ кешеннің тағы бір үлкен ерекшелігі – оның сыртқы келбеті мен архитектурасының алдын ала егжей-тегжейлі ойластырылуы. Аймақтың табиғи сұлулығын бұзбау үшін және туристерді тарту мақсатында арнайы дизайн-код тұжырымдамасы әзірленген. Дизайн-кодтың өзегінде Қарқаралының сан ғасырлық тарихи сәулеті мен табиғи бояуы жатыр.

– Инвесторды, яғни, қалталы кәсіпкерді тек көрікті табиғатпен ғана қызықтыру бүгінде жеткіліксіз. Оған, біріншіден, барлық инженерлік желісі жүргізілген дайын жер, екіншіден, айқын жоспар және барлығына ортақ, әділ талап қажет. Сондықтан, инфрақұрылыммен қатар біз дизайн-кодқа да қатты көңіл бөліп отырмыз. Басты мақсатымыз – жаңадан бой көтеретін нысандардың бір-бірімен үйлесуін қамтамасыз етіп, Қарқаралының табиғи әрі тарихи болмысын жоғалтпай дамыту, – деді бөлім басшысы.

Тұжырымдаманың көрнекі үлгілерінде шағын павильондардың ағашпен қапталған қасбеті, әйнекті кіреберісі, табиғи түстегі шатырлары Қарқаралының қарағайлы ормандарымен біте қайнасып кететіндей етіп жасалған.

Әрине, мемлекеттік деңгейдегі мұндай ауқымды істің нақты өлшемі тек бөлінген миллиардтаған қаржымен өлшенбесе керек. Ең бастысы, заман талабына сай бой көтеретін жаңа нысандар табиғаттың тынысын тарылтпай, ұлттық паркке іргелес аумақтың қатаң экологиялық талаптарын сақтауы шарт.

Қарқаралы ауданы

Суреттер автордан

Сауатты дауға ұрынбайды

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Заңгердің көмегіне жүгіну үшін міндетті түрде соттасып, дауға қалу керек пе? Жоқ. Кейде бір ауыз кеңестің өзі талай әуреңің алдын алады. Бірақ мұны жұрттың бәрі бірдей біле бермейді. Құқығы бұзылғанда қайда барарын білмей абдырайтын, заң тіліндегі күрделі ұғымдарды түсіне алмай қиналатындар аз емес. Қарағандыда қолға алынған «Құқықтық дәріхана» жобасының мәні де осында. Қаланың Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан аудандарында биыл құқықтық сауаттылықты арттыруға арналған бірқатар бастама жүзеге асырылды. Мақсат – заңды азаматқа жақындату, тәртіпті құрметті күнделікті өмірдің дағдысына айналдыру.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазыбек би ауданында «Құқықтық дәріхана» мобильді акциясы аясында сауда орталықтары мен қоғамдық орындарда тұрғындарға тегін құқықтық кеңестер беріліп, азаматтардың құқықтары мен міндеттері түсіндірілді. Сондай-ақ, «Қауіпсіз қала – әркімнің жауапкершілігі» тақырыбында форум ұйымдастырылып, қоғамдық тәртіпті сақтау, құқықбұзушылықтың алдын алу және азаматтардың қауіпсіздігі мәселелері талқыланды

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді қазақ. Құқық мәселесінде де осы қағида жүрсе керек. Өйткені адам өз құқығы мен міндетін алдын ала білсе, даудың да, орынсыз өкпе-наздың да біразын болдырмауға мүмкіндік бар.

Қазыбек би ауданында ұйымдастырылған «Құқықтық дәріхана» мобильді акциясы осы ұстанымға негізделген. Жоба аясында мамандар тұрғындарды арнайы мекемеге шақырып әуре қылмай, сауда орталықтары мен қоғамдық орындарда тегін кеңес берген. Азаматтарға құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, заң талаптарына қатысты сұрақтарына жауап ұсынылған.

Мұндай жұмыстың өз артықшылығы бар. Әдетте жұрт заңгерге мәселе әбден күрделенгенде ғана жүгінеді. Оның үстіне, қандай жағдайдың құқықтық мәселе екенін ажырата алмайтындар да кездеседі. Ал, кеңес беруші маманның халық көп жиналатын орындарға шығуы қажетті ақпаратты алуды жеңілдетеді.

Қарағанды қаласының Қоғамдық кеңесінің мүшесі Малика Күсенбаеваның айтуынша, биыл екі ауданда да «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыруға бағытталған жұмыстарға басымдық берілген.

– Қазыбек би ауданында «Құқықтық дәріхана» мобильді акциясы аясында сауда орталықтары мен қоғамдық орындарда тұрғындарға тегін құқықтық кеңестер беріліп, азаматтардың құқықтары мен міндеттері түсіндірілді. Сондай-ақ, «Қауіпсіз қала – әркімнің жауапкершілігі» тақырыбында форум ұйымдастырылып, қоғамдық тәртіпті сақтау, құқықбұзушылықтың алдын алу және азаматтардың қауіпсіздігі мәселелері талқыланды, – деді ол.

Әлихан Бөкейхан ауданында да тұрғындармен кездесулер, ақпараттық-түсіндіру шаралары өткізілген. Мұнда құқықтық сауатты арттырумен қатар, азаматтардың қоғамдық қауіпсіздік мәселелеріне араласуына назар аударылған.

Аталған бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыру үшін Қазыбек би ауданы бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 4,5 миллион теңге бөлінген. Қаражат ақпараттық-түсіндіру шараларына, құқықбұзушылықтың алдын алуға және тұрғындардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Әйткенмен, бөлінген қаржы мен өткізілген кездесудің көптігі жұмыстың нәтижесін толық көрсетпейді. Маңыздысы – кеңес алған адам өз мәселесінің шешімін таба алды ма, қажетті мекемеге жүгінді ме, заңды жолмен әрекет етуді үйренді ме? Құқықтық сауаттылықты арттырудың шынайы нәтижесі осындай өзгерістерден көрінсе керек.

Оның үстіне, заңды білу дегеніміз баптарды жатқа айту емес. Өзгенің құқығын бұзбауды, өзіңнің заңды мүддеңді қорғай білуді, қандай жағдайда кімге жүгіну қажеттігін түсінуді де қамтиды. Қоғамдағы тәртіптің берік болуы осы қарапайым түсініктердің қалыптасуына байланысты.

Биылғы жұмыстардың жалғасы ретінде 2027 жылы «Құқықтық дәріхана» жобасының аясын кеңейту көзделген. Тұрғындарға қоғамдық орындар мен шағын аудандарда кеңес беру тәжірибесін жалғастыру жоспарланып отыр.

Мұнда ескеретін бір мәселе бар. Заңды түсіндіру тек құқық қорғау органдарының немесе арнайы мамандардың жұмысы болып қалмауға тиіс. Адам өз құқығына да, өзгенің құқығына да жауапкершілікпен қарағанда ғана қоғамдық тәртіп орнығады.

ҚАРАҒАНДЫ

Сурет ұйымдастырушылардан

Қалта қағылмасын десеңіз...

Қарағандыда бір тәулікте үш мыңға жуық күмәнді телефон қоңырауы тіркеледі. Арнайы орталық оның орта есеппен 2800-ін алаяқтық әрекет ретінде анықтап, бұғаттайды. Бұл – қала полициясы жариялаған дерек. Ал, 2026 жылдың алғашқы айларында шаһарда интернет-алаяқтықтың 300-ден астам фактісі тіркелген. Қылмыстың бұл түрі қазір құқық қорғау органдары үшін күрделі мәселеге айналды. Өйткені алаяққа бөтеннің ақшасын иемдену үшін үйіне кірудің де, қалтасына қол салудың да қажеті жоқ. Банктің қызметкері болып хабарласу, жалған сілтеме жіберу немесе тиімді ұсыныспен қызықтыру жеткілікті. Қарағандыда мұндай әрекеттерге тосқауыл қою үшін техникалық бақылаумен қатар, тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталған шаралар күшейтілді.



Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қылмыс әлемі де заманның ыңғайына бейімделген. Бұрын алаяқтық көбіне жәбірленушімен тікелей байланыс орнату арқылы жасалса, қазір қылмыскердің қай жерде отырғанын анықтау қиын. Ол өзін банк қызметкері, полиция өкілі немесе басқа да мекеменің маманы ретінде таныстырып, азаматты түрлі сылтаумен алдауы мүмкін. Әсіресе, есепшоттағы ақшаға қауіп төнгенін айтып үрейлендіру, шұғыл әрекет етуді талап ету – жиі қолданылатын әдістердің бірі.

Қарағанды қаласы полиция басқармасының мәліметінше, интернет-алаяқтықпен күресте арнайы call-орталықтың мүмкіндіктері пайдаланылып отыр. Жүйе күмәнді қоңырауларды анықтап, олардың бір бөлігін тұрғындарға жетпей тұрып бұғаттауға мүмкіндік береді.

Дегенмен, техникалық тосқауылдың өзі мәселені толық шешпейді. Себебі, алаяқтардың басты қаруы – адамның сенімі. Олар азаматты өз еркімен ақша аударуға немесе құпия мәліметін айтуға көндіруге тырысады. Мұндай жағдайда қылмыскерге банк жүйесін бұзып кірудің қажеті жоқ. Жәбірленушінің аңғалдықпен жасаған бір әрекеті оның есепшотындағы қаражатынан айырылуына әкелуі мүмкін.

Қылмыстың алдын алу мақсатында қалада ақпараттық-түсіндіру жұмыстары да жүргізілуде. Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан аудандарында тұрғындармен кездесулер өткізіліп, интернет арқылы жасалатын алаяқтықтың кең тараған тәсілдері түсіндірілген. Әсіресе, банк карталарының мәліметтерін, SMS арқылы келген растау кодтарын бөгде адамдарға бермеу, күмәнді сілтемелерге өтпеу қажеттігіне назар аударылған.

Аталған жұмыстар «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру аясында жүзеге асырылып отыр. Мұндағы мақсат – құқықбұзушылық орын алғаннан кейін ғана әрекет ету емес, азаматтарды қылмыскерлердің айла-тәсілдерінен алдын ала хабардар ету.

Бүгінде интернет-алаяқтықтың өршуіне онлайн сауда мен қашықтан көрсетілетін қаржылық қызметтердің кең таралуы да әсер етіп отыр. Әлеуметтік желілердегі жалған хабарландырулар, арзан тауар ұсынып алдын ала төлем талап ету немесе өзін белгілі бір ұйымның өкілі ретінде таныстыру арқылы сенімге кіру – азаматтарды алдаудың түрлі жолдары.

Мұндай әрекеттердің қауіптілігі сол, жәбірленуші кейде өзінің қылмыскермен байланысып отырғанын бірден аңғармайды. Ал, ақша аударылғаннан кейін оны қайтару күрделене түседі. Сондықтан құқық қорғау органдары күмәнді қаржы операциялары мен байланыс нөмірлерін дер кезінде анықтауға ерекше мән беріп келеді.

Қаладағы профилактикалық жұмыстардың тағы бір бағыты – тұрғындарға цифрлық қауіпсіздік ережелерін күнделікті өмірде қолдануды үйрету. Бұл ретте күмәнді қоңырау түскен жағдайда әңгімені тоқтату, хабарласқан адамның кім екенін ресми байланыс арналары арқылы тексеру, белгісіз сілтемелер арқылы жеке ақпарат енгізбеу қажеттігі түсіндіріледі.

Әсіресе, өзін банк қызметкері деп таныстырған адамның сөзіне бірден сенуге болмайды. Қаржы ұйымына қатысты күмән туындаса, банк қосымшасындағы немесе ресми сайтындағы байланыс нөміріне өзіңіз хабарласқан жөн.

Қарағандыда интернет-алаяқтықтың алдын алуға бағытталған ақпараттық шараларды алдағы уақытта да жалғастыру көзделіп отыр. Атап айтқанда, Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан аудандарында цифрлық қауіпсіздік мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту жоспарланған.

Алайда мұндай шаралардың тиімділігін өткізілген кездесулер санымен ғана бағалау жеткіліксіз. Қылмысқа ұрынған азаматтардың азаюы, күмәнді әрекеттердің дер кезінде анықталуы және тұрғындардың жеке мәліметтерін қорғай білуі әлдеқайда маңызды.

Қала полициясының деректері интернет-алаяқтықтың әлі де өзекті мәселе екенін көрсетіп отыр. Қылмыскерлер технологияның жаңа мүмкіндіктерін пайдаланған сайын, оған қарсы қорғаныс тәсілдері де жетілдірілуі керек. Бұл ретте құқық қорғау органдарының жедел жұмысы мен азаматтардың сақтығы қатар жүргені маңызды.

Өйткені бүгінгі алаяқтықтың мекенжайы өзгергенімен, көздеген мақсаты өзгерген жоқ. Ол – өзгенің дүниесіне қол сұғу. Ал оған тосқауыл қоюдың басты шарты – қылмысты дер кезінде анықтау және оның жасалуына мүмкіндік беретін жағдайларды азайту.

ҚАРАҒАНДЫ

Құқықсыз қоғам түзелмейді

«Заң не дейді?» деп сұрайтын буын өсіп келеді. Өйткені бүгінгі жасөспірімнің алдынан шығатын қауіп те, жасайтын таңдауы да күрделенген. Әлеуметтік желідегі бір жазба, бейтаныс адамның күмәнді ұсынысы, қатарластарының қысымы кейде баланың тағдырына әсер етуі мүмкін. Ал оның бәрін заң тұрғысынан бағамдай білу – өмірлік қажеттілік. Қарағанды мектептерінде ашылып жатқан «Болашақ прокурорлар клубының» көздегені де осы. Мұнда балаларды түгел заңгер болуға баулудан бұрын, өз құқығын білетін, өз әрекетіне жауап бере алатын азамат тәрбиелеуге басымдық берілген.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыда құқықтық тәрбиенің жаңа тәсілдеріне назар аударылуы сондықтан. Биыл қазан айының соңында Мартбек Мамыраев атындағы мектеп-интернатта «Болашақ прокурорлар клубы» жұмысын бастады. Жоба аудан әкімінің аппаратының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында, прокуратураның қолдауымен жүзеге асырылған.

Алғашқы кездесуде оқушылар прокуратура органдарының қызметімен танысып, заң саласындағы мамандықтардың ерекшеліктері туралы мағлұмат алды. Клуб аясында құқықтық дәрістер, практикалық сабақтар, пікірталастар мен зияткерлік ойындар өткізу жоспарланған.

Осындай бастама әл-Фараби атындағы мектеп-гимназияда да таныстырылды. Ал Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейде полиция инспекторы оқушылармен кездесіп, қоғамдық тәртіп, құқықтық жауапкершілік және заң талаптары жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Әрине, мұндай үйірмелердің міндеті – болашақ прокурорлардың қатарын көбейту ғана емес. Бала ертең қандай мамандық таңдаса да, өз құқығын қорғай білуі, өзгеге қиянат жасамауы, заңсыз әрекеттің салдарын түсінуі керек.

Әсіресе, жасөспірімдер арасындағы буллинг пен кибербуллинг мәселесі алаңдатады. Біреуді көпшілік алдында келемеждеу, сыныптастар чатында қорлау немесе бопсалау кейде балалық тентектікке баланады. Алайда мұндай әрекеттердің психологиялық зардабы ауыр болуы мүмкін. Сондықтан, құқықтық сабақтарда заңдық жауапкершілікпен бірге, өзгенің ар-намысына құрметпен қарау, қиын жағдайда көмек сұрау жолдары да түсіндіріледі.

Жастардың құқықтық сауатын арттыру жұмыстары мектеп қабырғасымен шектелген жоқ. Биыл қыркүйекте Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде «Жастар – Заң мен тәртіптің тірегі» форумы өтті. Жиын жоғары және арнаулы орта оқу орындарының 15 мыңнан астам студентін офлайн және онлайн форматта қамтыды.

Форумға құқық қорғау органдарының, жергілікті атқарушы биліктің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты. Жастарға есірткі саудасы, интернет-алаяқтық, қаржы пирамидалары мен дропперлік әрекеттердің заңдық салдары түсіндірілді. Қылмысқа араласқан азаматтардың өмірлік оқиғалары негізінде дайындалған бейнематериалдар көрсетілді.

Мұндай кездесулердің қажеттігі түсінікті. Қазір әлеуметтік желіде «жеңіл жұмыс», «жоғары табыс», «тез ақша» деген ұсыныстар жиі кездеседі. Ал олардың кейбірінің астарында заңсыз әрекет жатуы мүмкін. Мәселен, өз банк картасын немесе есепшотын өзгенің күмәнді қаржы операцияларына пайдалануға беру арқылы жас адам қылмыстық схемаға тартылып кетуі ықтимал.

Форумда облыс прокуроры Мұрат Тлеубердиев жастардың есірткі тарату мен дропперлікке тартылу қаупіне назар аударып, мұндай қылмыстардың алдын алуда отбасы, білім беру ұйымдары мен құзырлы органдардың бірлескен жұмысы маңызды екенін атап өтті.

Қарағанды қаласында 2027 жылы «Болашақ прокурорлар клубының» жұмысын дамыту, оқушылардың құқықтық білімін тереңдету және прокуратура органдарымен байланысты нығайту жоспарланған.

ҚАРАҒАНДЫ

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• АҚТАҢДАҚ

Наманай қай дәуірдің баһадүрі?

«Тарих – біздің іс-әрекеттеріміздің қазына қамбасы, өткеніміздің куәгері, қазіргі сәтке үлгі мен сабақ, болашаққа ескерту» деген сөзді Мигель де Сервантес есімді ғұлама шегелеп тұрып айтқан екен. Ендеше, қиялының қанаты шексіздікке шарықтап, тұлпарының тұяғы сайын даланы шарлап, қазақ хандығын қалыптастыруға ғұмырларын сарп еткен бабалар жайында ой қозғау мағыналы істің бірі һәм бірегейі.

Қанмен де, антпен де біріккен рулардың басында билер мен батырлар тұрды. Солардың сеніміне сүйенген хандар мен сұлтандар ғана сұңғыла саясат жүргізе алғандығын өткен дәуірлердің жылнамасы растайды. Кейінгі кезде қазақты құраған әр атаның баласы бабасына ас беріп, арғы-бергі тарихты қозғап түбін іздеген жұрттың қарасы көбейді. Бұл іс бөліну емес бірлік пен тұтастықтың бастамасы екендігіне көңіл сенеді. Себебі, өткенсіз болашақ жоқ.

Таяуда Балқантау өңірінде Наманай батырға арнап ас беріліп, баһадүрдің ұрпақтары бірқатар игілікті іс атқарыпты. Ал, енді, осы Наманай батыр кім болған, қай заманда ғұмыр кешкен? Сұрақ – көп, жауап – аз. Өткеннен бізге жеткен деректердің тым аздығынан тарихты толық таратып бермесек те, біраз ой топшылауға болады.



«Наманай батыр туралы мұрағаттық қағаз бен жарытымды дерек өте аз. Кейіннен бұрынғыға бойлап, бабамызды еске алып, таяуда үлкен ас бердік. Дегенмен, бұрынғылардан мынадай сөз қалыпты: Бұлбұл баба Бошанның жығасы екен, Наманай бұл атаның ағасы екен. Аға деген «Бес бошанның үлкені дегенді білдірсе, «Жыға» құстың қауырсынын таққан биліктің бір атрибуты болған баскиім екен.

Қазақтың шежіресінде Наманай руының есімі айқын жазылған. Арғын елінің Мейрамсопы атасынан Қаракесек–Ақша–Бошан–Таз–Наманай мен Бұлбұл болып жалғасқан әулеттің тұтас қазақ халқының қоғамдық саяси өмірінде ықпалы орасан зор болды. Осы орайда, «Жеті Жарғы» заңдар жинағын жүйелеуге атсалысып, қазақ хандарының оң жағынан орын алып, қажет болса тезінің тегеурініне салған Қаздауысты Қазыбек бидің есімін атасақ та жеткілікті.

Таздан тараған Наманай мен Бұлбұл жайында тарихи деректер тым аз. Бізге жеткен аңыздар әкеден балаға жеткен ауызекі тілдегі аталы сөздердің жұрнағы. Десек те, өткенге көз жүгіртіп, ілкімді ойларды іріктей көп дүниені топшылауға болады. Наманай батыр қабырғалы қалың қазақтың мемлекеттік мәртебесін нығайтқан Хақназар хан дәуірінің соңында дүниеге келді деп ойлауға негіз бар. Себебі, Қазыбек би 1667 жылы дүниеге келсе, Қазыбек–Келдібек–Шаншар–Бұлбұл деп әр атаға 30 жас қоса жоғары өрлейтін болсақ, Бұлбұл жобасы 1577 жылы дүниеге келген болуы мүмкін. Ал оның іні болғанын ескерсек, Наманай 1572 жылдары өмірге келген деп топшылауға болады.

Тарих ғылымдарының кандидаты Рамазан Сағымбекұлы «Кім еді Қаздауысты Қазыбек би?» зерттеу мақаласында Қазыбек бидің 1660 жылы туғандығын қосымша деректермен дәлелдеп өткен екен. Енді бұған сүйенсек, Наманай батыр 1567 жылы өмірге келді деп болжауға болады. Осы мәліметті ескерер болсақ, Наманай – Есім ханмен қатар өскен тұлға. Қазақтың оныншы ханы Тәуекел 1582-1598 жылдары билік құрған. Ол – Есім ханның туған ағасы. Демек Наманай батыр орда бұзар шағында сол Тәуекел ханның тұсында топқа түскен деуге болады. Аңыздардан жеткен естеліктерге қарағанда оның хан қолбасшыларының бірі болғандығын көреміз. Сондықтан біз Наманай батыр туралы деректер іздегенде оны Есім хан заманы емес, Тәуекел хан билік құрған тұстан бағдарлағанымыз жөн болады.

Нақты тарихи деректерге сүйенсек 1598 жылы Тәуекел хан Шайбани ұрпақтарының мемлекетіне шапқыншылық жасайды. Шайбани мемлекетінің тізгінін ұстаған Абдалла хан Тәуекелді өзіне лайықты қарсылас санамай, оған қарсы өзіне бағынышты сұлтандар мен әмірлер басқарған әскерді аттандырған. Ташкент пен Самарқан арасындағы ауыр шайқаста Абдалланың әскері жеңіліске ұшырайды. Абдалла өлгеннен кейін оның хандығы саяси дағдарысқа ұшырап, Тәуекел хан аз уақыт ішінде Түркістанды, Ташкентті, Ферғананы басып алады. Одан төмен ойысқан қазақ ханы 20 мыңдай әскермен інісі Есім сұлтанды Самарқанда қалдырып, Мәуреннаһрға ішкерілей еніп, Бұхараны 20 күндей қоршауға алады. Қала бекінісі түбіндегі бір шайқаста Тәуекел хан ауыр жараланып, Ташкентке қайтып келіп қаза табады. Осы жорықта Наманай батырдың да қаза болуы әбден мүмкін. Олай ой қорытуымыздың себебі, атақты Хиуа ханы, көрнекті тарихшы және шежіреші Әбілғазы Баһадүр хан өз еліндегі ішкі тақ таласы мен бүліктен қашып, 1625 жылы Есім ханға келіп паналаған екен. Бұл жағдай оның «Түрік шежіресі» атты еңбегінде жан-жақты баяндалған. Мұнда Наманайдың есімі жоқ. Соған қарағанда Наманай батырдың өмірі Тәуекел ханның соңғы жорығында қиылған деп топшылауға болады. Өйткені, жылнамашы әрі тарихшы Хафиза Таныштың «Шараф-наме-йи-шахи» еңбегіндегі мына жолдар көп дүниенің бетін ашатындай:

«После смерти Шигай-хана в 1582 году ханом стал Тауекель (1582-1598 гг.). Его имя в переводе с арабского означает «упование, чаяние, надежда». Оно как бы выражало желание подвластных ему казахов вновь обрести независимость, возлагая на своего хана миссию возрождения былой силы Казахского ханства. Пользуясь молодостью Тауекеля, бухарский хан Абдаллах держал его в зависимости от себя. После того, как Абдаллах избавился от своего главного врага Баба-султана, он стал преследовать казахских султанов, прежде поддерживавших того. Такие действия хана Абдаллаха вызвали сопротивление султанов. И в начале 1583 года «во время возвращения из похода на Андижан и Фергану, Тауекель заподозрив хана в недоброжелательстве, покинул его и удалился к себе в Дешт-и Кыпчак». Тауекель начинает борьбу за присырдарьинские города. В 1586 году он предпринимает попытку овладеть Ташкентом. Он разгромил ополчение Ташкента, но когда против него выступил из Самарканда брат Абдаллаха Убайдаллах, Тауекель не принял сражение и поспешно отступил.

К числу важных событий истории казахского народа этого периода относится восстание 1588 года, которое произошло в Ташкентской области. Согласно Хафизу Танышу, это восстание было поднято против Абдаллах-хана и его двоюродного брата Узбек-султана, правителя этой области. «Группа богатых и почитаемых людей Ташкентской области и окрестностей Шахрухии и Ходжента вместе с отрядом неблагородной черни, питая несбыточные надежды и неосуществимые желания, устроила великое сборище в Пскенте и, заключив между собой договор и скрепив его верой, начала совещаться». Таким образом, мятеж подняла влиятельная часть шайбанидской знати, оказавшаяся в оппозиции. Мятежники провозгласили ханом казахского султана Джан-Али. Кочевые племена и войска целыми отрядами стали переходить в лагерь мятежников. Вскоре их число увеличилось до 30 тысяч человек. Мятежники направились в Ташкент, где в то время правил брат Абдаллах-хана Узбек-султан, и окружили город. Осада Ташкента продолжалась почти месяц. С помощью войск направленных Абдаллах-ханом, Узбек-султану удалось отразить первый натиск своих противников. Спустя некоторое время к мятежникам присоединились казахские султаны Мунгатай-султан и Дин-Мухаммад-султан, сыновья Хакназар-хана. Мятежники изъявили им свою покорность, и вместе с ними направились в Йассы и затем в Сабран. Для султанов, не согласных с правлением Абдаллаха, настал удобный для выступления час. Но еще до начала сражения расстроился союз мятежных султанов. Казахские султаны выступили навстречу узбекскому войску. Однако в этой борьбе, казахские султаны и мятежные эмиры понесли поражение. Так закончилось восстание, длившееся около трех месяцев, носившее характер военной смуты…

…В 1598 году Тауекель предпринимает новый набег на государство Шайбанидов. Поводом к выступлению Тауекеля послужила ссора Абдаллаха с его сыном Абд аль-Мумином. В местности, расположенной между Ташкентом и Самаркандом, произошло сражение. Войску Абдаллаха было нанесено жестокое поражение. Это заставило его быстро мобилизовать новое войско и самому встать во главе. «Однако, здоровье его, вследствие неприятностей, причиненных ему враждой и неповиновением сына, а также дерзости казахов, ухудшилось и вскоре он умер». После смерти Абдаллаха ханство вступило в полосу политического кризиса. Власть перешла к его сыну Абд аль-Мумину. Положение нового хана оказалось весьма неустойчивым, и вскоре он был убит мятежными эмирами. С гибелью Абд аль-Мумина-хана, Тауекель развернул активные действия. По Искандару Мунши, численность войска обоих братьев, Тауекеля и Ишим-султана, составляла около ста тысяч человек. Ход событий описывается Искандаром Мунши следующим образом: «Тауекель-хан, овладев вилайетами Туркестана и Мавераннахра, прежде всего Ахси, Андижаном, Ташкентом и Самаркандом вплоть до Мийанкала, оставил своего брата Ишим-султана с двадцатью тысячами человек в Самарканде, а сам с семьюдесятью-восемьюдесятью тысячами человек направился дальше с целью покорения Бухары. Тауекель-хан осадил огромный город. На двенадцатый день бухарцы склонили победу на свою сторону, а поражение стало уделом казахского войска…» В одном из последующих сражении Тауекель был ранен и отступил в Ташкент. «Там недуг сломил его организм, и он ушел в мир вечности».

Қазақтың ханы Тәуекелдің қалай өлгені расталса да, қай аймаққа жерленгені туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен, Түркістанның XVI-XVII ғасырларда қазақ хандығының рухани және саяси астанасы болғандықтан, Тәуекел ханның Түркістан пантеонында ағасы Ондан сұлтанның жанында жерленді деген болжам көңілге қонымды. Ал бұл қорымда қазақ хандарымен бірге оның қолбасшылары мен билері қатар жатқандығын тарихтың өзі айтып отыр. Дәлел ретінде Абылай хан, Қазыбек би, Бөгенбай батырлардың Яссауи кесенесіне қойылғанын айтсақ та жеткілікті. Сондықтан, Наманай батырдың Тәуекел ханмен иық тірестіре мәңгілікке сапарлағанын болжамдауға болады.

Наманай батырдың соңында Майлышы, Құлғара, Кәдірғұл, Олжағұл есімді 4 ұл қалған. Оның інісі Бұлбұлдан 10 ұл тарап, олардың әр қайсы өз алдына іргелі руларға айналған. Ал Наманай руы қалың Қаракесектің ішіндегі аса өсіп-өнбеген ата саналады. Оны білмекке Тәуекел хан заманына қайта оралайық. Біздің заманымызға жеткен шежіре деректер бойынша Наманайдың әкесі Таздың Сұлубике атты жесірін туған інісі Байбөрі әмеңгерлікпен алып, одан Көшім атасы тарайды. Жалпы, Наманай жайындағы біраз аңыз әңгімені осы атадан тараған, бір кездері Қарқаралы ауданын басқарған Мұрат Нұрақышев ағамыз айтты.

Наманай өз заманында абыз әрі ру басшысы болған екен. Бошан балалары өліп қала берген соң, тұрақтаған тұңғышының есімін Таз деп қойған екен. Наманайдың төрт ұлы – Олжағұл, Кәдірқұл, Құлғара, Майлышы. Кәдірқұлдан біз тараймыз. Ал, қарашаңырақты Майлышы ұстап қалған. Бабаларымыз Сыр мен Тәшкенді жайлап, Қаратау мен Балқаш бойын қоныстап, Қарқаралы, Балқантау өңіріне жеткен екен. Мұны бізге жеткізген Байғозы атамыз шамамен 1830 жылы дүниеге келген.

«Аға» ұғымын Наманайдың қолбасшы болғандығы деп қабылдауға болады. Өйткені, «Аға» сөзі біздің елде бұл күні туысты үлкендікті білдірсе, бір кездері қосын басқарған баһадүрге тән дүние еді. Осы ұғым Осман империясында «Yeniçeri ağası, bölük ağası» күйінде янычарлар, түмен басы деген қолбасшылыққа тән сипатта болғандығын тарихтан жақсы білеміз. Жалпы қазақ жерін арғы ата қонысы санайтын Түрік мемлекеті билігінің күшіне қарай лауазымдарды аға → бей → паша → уәзір деп бекіткен. Демек, біздің осылай топшылауымыз орынды болмақ.

«Таздың баласы Наманайдың бір ұрпағы Мендеке батыр болса, інісі Байбөріден Олжашы батырдың дүниеге келгенін ескерсек, бұл әулеттен қол бастаған мықты баһадүрлер шыққанын көреміз. Наманайды бір білместер 1910 жылы туғызыпты. Қаракесек деген іргелі руға бас болған Болатқожаның өзі 1509 жылы дүниеге келгенін ескерсек, мұндай болжамның жаңсақ екендігін байқаймыз. Таз бабамыз қайтыс болғанда, Наманай 11 жаста, Бұлбұл 9 жаста болған екен деген деректі бұрынғылар айтқанын естіген едім. Наманайдың кейінгі ұрпақтары Қу өңіріндегі Айыртастан Наманай шілігі, Қояндыдан Қарасор көліне дейін қоныс алған екен. Бұл қазақтың Сарыарқаға қайта оралған тұсы» – деп бір түйді Мұрат ағамыз.

Наманай жаугершілік заманда әкесі Таз қаза тапқанда інісі Бұлбұл екеуі кәмелетке толмай жетім қалса да, жоғары биліктің жанында қалды. Демек, олардың өз заманындағы ақсүйек тұқымы болғандығын көрсетіп тұр. Наманайдың өзі де Қазақ хандығының шекарасын кеңейткен Тәуекел ханмен үзеңгілес болғанын ескерсек, оның сол жолда құрбан болып, аты арғы тарихтың астарында қалып қойғандығы сондықтан-ау деген қорытындыға келеміз. Оның да жесірі жерде қалмаған шығар, сірә.

Шығай ханнан бұрын билік құрған Хақназар ханның соңғы әйелі, тарихта өзінің хас сұлулығы мен ақылдылығымен қалған ноғайдың шонжарының қызы Ақторғын ханым қазақтың ең ықпалды ханы қайтыс болған соң, Тәуекел сұлтанға күйеуге шықты емес пе! Демек, ол заманда хан болсын қара болсын әмеңгерлік жолын өте қатаң ұстанды деген сөз.

Наманайдың жалғыз інісі Бұлбұл туралы да біздің заманымызға жеткен жарытымды дерек жоқ. Біздің шежіре деректерден оның он ұлы болғандығын білеміз. Соның бірі – атақты Шаншар абыз. Бес бошанға емес күллі қазаққа билік айтқан билер мен небір мықты саңлақтар осы тұқымнан. Соған қарағанда, Шаншар абыз ғана емес, оның әкесі Бұлбұл да Есім ханның тұсында ауызы дуалы адамдардың бірі болғандығы даусыз. Өткеннен бізге жеткен Қаздауысты Қазыбек бабамыздың:

«Наманай – Бұлбұл атым бар,
Бір жапырақ етім бар.
Көк орай шалғын жерім бар,
Өріс толы малым бар» деген сөздері біздерге өткен дәуірден жеткенін білеміз. Осы шумақтарда Наманай мен Бұлбұлдың қосарлана айтылуы көп жағдайдың бетін ашып тұр. Бұлбұлдың балалары қазақ хандарының кеңесінде топ алдында толғағанын тарихи деректер айғақтайды. Қазақтың алты ханының ажарын көрген атақты Қазыбек би, «Қарқаралы хан Бертіс» атанған Бердібек би сынды тұлғалар осыған айқын дәлел бола алады. Азуын айға білеген Қазыбек би Наманай мен Бұлбұл атын қатар атауы осы екі батыр мен бидің қазақ хандығы тұсындағы үлкен беделін көрсетпей ме?! Наманай туралы бірер ауыз сөзді осы рудан шыққан медицина ғылымдарының докторы, академик Серік Қарабалин айтты. Ол кісі оны атасы Сыздықтың аузынан жазып алған екен. Ал ол кісі өз кезегінде оны әкесі Байғозы Сатанұлынан естіген.

«Наманай өз заманында абыз әрі ру басшысы болған екен. Бошан балалары өліп қала берген соң, тұрақтаған тұңғышының есімін Таз деп қойған екен. Наманайдың төрт ұлы – Олжағұл, Кәдірқұл, Құлғара, Майлышы. Кәдірқұлдан біз тараймыз. Ал, қарашаңырақты Майлышы ұстап қалған. Бабаларымыз Сыр мен Тәшкенді жайлап, Қаратау мен Балқаш бойын қоныстап, Қарқаралы, Балқантау өңіріне жеткен екен. Мұны бізге жеткізген Байғозы атамыз шамамен 1830 жылы дүниеге келген» – деді Серік Қарабалаұлы.

Тарих диірменінің тасы жылнамалар мен деректер қағазға түсіп қатталмаса, тұлғалар мен тарихи оқиғаларды тас талқан қылып үгітіп жібереді. Біз өткен оқиғалар тізбегіне үңілгенде аңыз әңгімелерге иек артып, қытай, парсы, түркі, орыс тілдеріндегі еңбектерге сүйенеміз. Алайда, қазақтың басы азат болғанда қағаз бен қара сияның қадірін түсінбегендігі көп дүниені бұлыңғыр пердемен бүркеп қойғандай. Десек те, Наманай батырдың Түркістандағы пантеонға жерленуі көңілге қонымды. Өйткені, Наманай – Тәуекел ханның баһадүрі. Ал қиянкескі ұрыста ауыр жараланған Тәуекел хан қоластындағыларға өзін Түркістанға жеткізуін аманаттауы бек мүмкін. Өйткені, оның үлкен ағасы 30 жасында қалмақтармен болған ұрыста шейіт болып, Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленген алғашқы қазақ сұлтандарының бірі – Ондан. «Ұзын оқ» атанған Ондан сұлтан өз ерлігімен осы дәстүрді қалыптастырып кеткен секілді. Оны XVI-XVII ғасырларда өмір сүрген Қадырғали Жалайыр сынды ғұлама «Жами-ат-тауарих» атты ғылыми еңбегінде: «... Ондан-султан... умер в 30-летнем возрасте. Его гробница находится под сенью (покровом) Ходжи Ахмеда Ясави…» деп анық жазып кеткен.

Сонау XVI ғасырдан бері қазақ мемлекетінің басынан талай дәурен көшті. Қазақ хандығының сайын даласы жоңғардың иелігінде, орыстың бодандығында болды. 1723 жылы басталған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» зобаланынан Алаш жұрты ойраттардың жойқын екпінінен Арқа, Ертіс, Жетісу жерінен ығысып, Сырдария, Сарысу, Жайық өзендерінің бойына қашты. Жүз мың жауынгерінен айырылған қазақтар тек 1727 жылы Ұлытау маңындағы Бұланты өзенінің бойында жоңғарларға ойсырата соққы берді. Содан кейін 1728 жылы Сыр бойындағы қалың Қаракесектің рулары Қаздауысты Қазыбек бидің бастауымен Қарқаралы өңіріне оралады. Наманай руының аталары да осы кезде Қу өңіріндегі Қоянды, Арқалық жерінен қоныс алған екен. Осы кездердегі оқиғалар Әлихан Бөкейхановтың шығармалар жинағының IV томында былай баяндалады: «Гр.193-196,) 170 леть тому назадъ, т. е. Въ 1728 г. роды Алтай и Каракесек пришли изъТуркестана въ Каркаралалинскій уъездъ. Пишельцы здесь застали народы Калмакъ и Туркпен, которые, послъ многократныхъ столкновеній съ киргизами, оставивъ свои земли, отступили на югъ».

Бұл күндері Түркістандағы Қожа Ахмед Яссауи кесенесі маңындағы қорымдарда кім жатқаны дәл басып айту қиынға соғуда. Өйткені, 1864 жылы Ресей империясының генералы Черняев Түркістанды басып алғанда хандар мен билер жатқан пантеонды зеңбірекпен атқылаған. Соның кесірінен белгілі тұлғалардың құлпытастары қирап, қай бейіттің кімге тиесілі екендігі белгісіз болып қалды. Осыны көрген Ш.Уәлиханов генерал Черняевтан түңіліп, Алтын Емелді жайлаған Тезек төренің қолына барып, келесі жылы қайтыс болғандығын да білеміз. Деректер осылай дейді. Наманай есімі Ұлы хандардың етегін басып отыра, ақиқатты опыра айтқан Қаздауысты Қазыбектің айтқанымен бізге жетті. Ал Наманай ұрпақтарының Бұлбұл бұтағынан кем тарағандығы Есім хан тұсында төбе би болған Шаншар абыздың өз ұрпақтарына кеңірек жол ашуы себеп болуы да мүмкін ғой. Бірақ, бұл ойдың болжам ғана екендігін ескерген жөн.

Қорыта айтқанда, Наманайдың белгілі тұлға болғаны – ақиқат. Оның жаны Тәуекел ханмен бірге Түркістанда тыныш тапқаны да көңілге қонымды. Біздің тарихты саралағанымыз осылай болды. Қазір ғылым қарыштап дамыған заман. Ендеше, қалғанын кейінгі замандарда жасалатын генетикалық зерттеулер айқындап беретініне сенім мол. Десек те, баһадүр бабалардың есімі Түркістан қорымындағы тақтатасқа жазылса, өлгеніміз тірілмесе де, өшкеніміз жанар еді.

Құрманғазы ӨТЕБАЙ

Сурет Наманай баба ұрпақтарынан

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Университет аудиториясынан әлемдік рекордқа дейін

Бүгінгі заманауи университет – тек дәрісханалар, зертханалық сабақтар мен емтихан сессиялары ғана емес. Бұл – білім нақты іске жарайтын идеяларға айналып, студенттік жобалар шынайы міндеттер арқылы сыналатын орта. Мұның жарқын дәлелі – Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Киберқауіпсіздік және жасанды интеллект» кафедрасы студенттерінің HackAlem AI 2026 халықаралық хакатонына қатысуы.



HackAlem AI 2026 жылғы 23 қыркүйекте Астанадағы EXPO аумағында өтті. Сол күні ауқымды алаң студенттерді, жас мамандарды, әзірлеушілерді және жасанды интеллект энтузиастарын біріктірді. Олардың барлығын білімдерін көрсетіп қана қоймай, заманауи технологияларды бизнес, мемлекеттік басқару және қоғамның нақты мәселелерін шешуге қолдануға деген ұмтылыс тоғыстырды.

Хакатонда университет атынан 51 білім алушы қатысты. Олардың 36-сы – «Киберқауіпсіздік және жасанды интеллект» кафедрасының студенттері мен магистранттары. Осындай деңгейдегі іс-шараға қатысу әрқайсысына қазіргі AI индустриясын ішінен көруге, өз күшін сынауға, уақыттың қатаң шектеуі жағдайында жұмыс істеуге және түрлі өңірлер мен елдерден келген пікірлестермен тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді.

HackAlem AI ауқымы шынында да таңғаларлық болды. Ресми деректерге сәйкес, оған 2415 адам қатысты және бұл жетістік AI хакатонына қатысушылар саны бойынша Guinness World Records әлемдік рекорды ретінде тіркелді. Жалпы, жасанды интеллект қолданылып әзірленген 1066 шешім қарауға ұсынылып, олардың тек 60-ы финалға өтті. Осындай жоғары бәсекелестік жағдайында үздіктер қатарына енудің өзі елеулі жетістік саналады.

Қатысушылар энергетика, қаржы, мемлекеттік басқару, телекоммуникация, логистика, білім беру, сауда, креативті индустриялар мен коммуникациялар салаларындағы өзекті міндеттермен жұмыс істеді. Хакатонда бағдарламалау мен жасанды интеллект құралдарын меңгеру ғана жеткіліксіз болды. Жетістік қойылған мәселені тез түсінуге, міндеттерді бөлуге, қолайлы технологияны таңдауға және қысқа мерзім ішінде сенімді прототип ұсынуға байланысты еді.

ИММ-26-1 тобының магистранттары Арман Шерім, Рахат Әлиев және Жандос Ақтаев кірген Meta Juniors командасы ерекше табысқа жетті. Олардың Career Quest жобасы «Басқару» бағыты бойынша үшінші орын алды.

Career Quest – қызметкерлердің кәсіби дамуын қолдауға арналған интеллектуалды сервис. Магистранттар жасаған шешім қызметкерге мансап жолындағы ықтимал қадамдарын айқындауға және одан әрі өсу үшін қандай құзыреттерді дамыту қажет екенін түсінуге көмектеседі. Бұл сервис жұмыс берушілер үшін де пайдалы: оның көмегімен HR мамандары командадағы дағдылар тапшылығын анықтап, қызметкерлерді оқытуды дәлірек жоспарлап, ұйымның кадрлық әлеуетін тиімдірек пайдалана алады. Жобаның құндылығы – оның практикалық бағытында. Бұл тек байқау таныстырылымы үшін жасалған дерексіз тұжырымдама емес, әрі қарай дамытылған жағдайда компанияларда, білім беру ұйымдарында және кадрлық қызметтерде қолдануға болатын цифрлық өнімнің негізі. Бұл жобада жасанды интеллект сәнді технологиялық үстеме емес, талдау жасау мен шешім қабылдауды қолдайтын құрал қызметін атқарады.

Команданың жоғары нәтижесінің негізінде білім, табандылық және үйлесімді жұмыс жатыр. Хакатон жағдайында сәтті идеяның өзі жеткіліксіз: оны тез арада түсінікті үлгіге айналдырып, пайдаланушы сценарийін ойластырып, негізгі функцияларын жүзеге асырып, жобаның өзектілігін сарапшыларға дәлелдей білу қажет. Әрбір қатысушы жұмыстың өз бөлігіне ғана емес, ортақ нәтижеге де жауап береді. Сондықтан, Meta Juniors командасының үшінші орны магистранттардың кәсіби дайындығын ғана емес, біртұтас команда ретінде әрекет ете білу қабілетін де көрсетеді.

Студенттердің осындай жарыстарға қатысуы олардың университет қабырғасында алатын даярлығымен тығыз байланысты. Бағдарламалау, деректер базасы, жасанды интеллект технологиялары, ақпаратты талдау және бағдарламалық жүйелерді әзірлеу кәсіби негіз қалыптастырады. Алайда қазіргі IT маманына анықтамаларды, алгоритмдерді және бағдарламалау тілдерінің синтаксисін білу жеткіліксіз. Міндетті түсіну, болашақ пайдаланушының қажеттілігін көру, шешімнің бірнеше нұсқасын табу және олардың ішінен ең тиімдісін дәлелмен таңдау маңызды. Сондықтан, оқытудағы жобалық тәсіл ерекше мәнге ие.

Практикалық және зертханалық сабақтар, цифрлық өнімдерді өздігінен әзірлеу, командалық тапсырмалар, байқаулар мен хакатондарға қатысу студенттерге дайын оқу мысалдарының шеңберінен шығуға мүмкіндік береді. Бір ғана дұрыс жауабы жоқ ашық міндетпен бетпе-бет келгенде, олар талдауды, тәжірибе жасауды, қателерді түзетуді және қабылданған шешім үшін жауапкершілік алуды үйренеді.

Мұндай даярлық кез келген кәсіби салада қажет әмбебап қасиеттерді де дамытады: сыни ойлау, бастамашылдық, тіл табыса білу, белгісіздік пен уақыт тапшылығы жағдайында жұмыс істеу. HackAlem AI-де бұл дағдылар техникалық сауаттылықпен бірдей маңызды болды. Қатысушыларға команда ішінде келісу, идеяны анық тұжырымдау, шектеулі ресурстарды бөлу және нәтижені сарапшыларға ұсыну қажет еді.

Meta Juniors командасының жетістігі басқа студенттер үшін де ерекше маңызды. Ол елеулі технологиялық табыстардың тек ірі зерттеу орталықтары мен халықаралық корпорацияларда ғана басталмайтынын көрсетеді. Олардың бастау нүктесі университет аудиториясы, зертханалық жұмыс, курстық жоба немесе топтастармен пікірталас кезінде туған идея болуы мүмкін. Білімге мақсаткерлікті, ізденімпаздықты және еңбек етуге дайындықты ұштастырса, студенттік жоба ірі халықаралық алаңдағы бәсекеге төтеп бере алады.

Е.КЛЮЕВА,
А.ӘУБӘКІРОВА,
Киберқауіпсіздік және жасанды интеллект кафедрасының аға оқытушылары

Сурет Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің баспасөз қызметінен

Құттықтау



Ардақты әкеміз **Айтбай Бейсембекұлы БАЙСЕЙІТОВТІ** 80 жас мерейтойымен құттықтаймыз!

Аяулы әке, ардақты ата, құрметті отағасы – Айтбай Бейсембекұлы Байсейітовті сексеннің сеңгіріне шыққан мерейлі 80 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Әкетай, сіздің жүріп өткен жолыңыз – біз үшін үлкен мектеп, мақтаныш етерлік өнеге. Қарағанды облысы, Нұра ауданының тумасы ретінде туған жердің қадірін біліп, еңбекпен есейдіңіз. Отан алдындағы әскери борышыңызды абыроймен өтеп, кейін өміріңіздің жиырма жылын құқық қорғау саласына, ел тыныштығын күзетуге арнадыңыз. Жаңаарқа, Жезқазған өңірлеріндегі қалтқысыз қызметіңіз, қатардағы қызметкерден старшинаға дейін көтеріліп, кеудеңізге таққан түрлі дәрежедегі «Мінсіз қызметі үшін» медальдары мен 11 мәрте алған марапатыңыз – сіздің Отанға, өз ісіңізге деген адалдығыңыз бен еңбекқорлығыңыздың айқын дәлелі. Сіз ел құрметіне бөленген, абыройлы азаматсыз.

Бүгінде асыл анамыз Гүлжан Омарқызымен бірге 7 перзент тәрбиелеп, олардан 22 немере мен 12 шөбере сүйіп, тамырын тереңге жайған үлкен әулеттің мәуелі бәйтерегі, қамқор атасы атанып отырсыз. Сіздің жүріп өткен жолыңыз, парасаттылығыңыз бен қамқорлығыңыз – кейінгі ұрпақ үшін әрдайым қымбат мұра.

Ардақты әке! Сізге мықты денсаулық, сарқылмас қуат, көңіліңізге көктемнің шуағын тілейміз! Жүзіңізден күлкі кетпей, анамызбен бірге бала-шағаның, немере-шөберенің қызығына тоймай, ортамызда асқар тау болып, аман-есен ұзақ ғұмыр кешіңіз! Торқалы 80 жас тойыңыз құтты болсын!

Ақ тілекпен: **жұбайыңыз, ұл-қыздарыңыз, келін-күйеубалаларыңыз, немере-шөберелеріңіз.**

№375

Құрылыс қарқынды

«Теміртау қаласының құрылыс бөлімі» ММ жыл басынан бері қаланың инфрақұрылымын дамыту мен тұрғын халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар жобаларды жүзеге асыруды қолға алған болатын.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда, қаланы электрмен жабдықтаудың жаңа желілері құрылысының жобалық-сметалық құжаттамалары әзірленуде. Ал, Сәкен Сейфуллин көшесіндегі 32/1 үйдің ғимаратына ағымдағы жөндеу басталды. Ол аяқталған соң мұнда Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы орналасатын болады.

Қаланың оң жағалауында кәріз жүйелерінің құрылысының жобасы аяқталуға жақындап, оны пайдалануға берудің дайындығы жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ 9-ықшам аудандағы 99-үйдің инженерлік инфрақұрылымының құрылысы да жалғасуда.

– Біздің бөлімнің жұмысы Теміртау қаласын өркендету мен тұрғындар арасында қолайлы орта қалыптастыруды көздейді, – дейді «Теміртау қаласының құрылыс бөлімі» ММ басшысы Нұржас Жәкітай.

ТЕМІРТАУ

Суреттер ұйымдастырушылардан

KazTransOil

ЕСКЕРТУ

ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

«ҚазТрансОйл» АҚ Қарағанды және **Ұлытау** облыстарының аумағында «Павлодар-Шымкент», магистральды мұнай құбырлары, ТОБЖ байланыс желілері салынғанын, олар шақырымдық бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгенін ескертеді.

ҚР-ның «Магистральдық құбыр туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленеді:

1. Мұнайды тасымалдайтын магистральды мұнай құбыры трассасы бойында – құбыр осінің әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр осінің әрбір жағынан 25 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі;

2. бір техникалық дәлізде төселген көп желілі құбырлардың трассалары бойында – шеткі құбырлардың осьтерінен 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;

3. суасты өткелдері бойында – өткелдердің шеткі желілері осьтерінің әрбір жағынан 100 метрге кейін қалатын қатар жазықтықтар арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кеңістігі учаскесі түрінде;

4. өнімді авариялық шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде – аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа 50 метрге кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде;

5. бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар парктері, компрессорлық және газ тарату станциялары, өнім өлшеу тораптары, құю және қотару эстакадалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері төңірегінде – аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа 100 метрге кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады.

6. орманы жоқ учаскелерде елдімекендерден тыс орналасқан жерасты кәбілдік және әуе байланыс желісі мен радиофикация – жерасты кабель трассасы немесе шеткі әуе желілері сымдарының әрбір жағынан кемінде 2 метр қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскелері түрінде.

ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» СӘЙКЕС 10-НАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТІЛЕРДІ САЛУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

• Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:

• тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға;

• кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін күшейту пункттерінің қақпақтарын, қақпаларын және есіктерін, желілік арматураның торап қоршауларын, катодты және дренажды қорғау стансаларын, желілік және қарау құдықтары мен басқа желілік құрылғыларды ашуға, крандар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге;

• түрлі қоқыс орындарын жасауға, қышқылдар, тұздар мен сілтілердің ерітінділерін төгуге;

• жаға бекіту имараттарын, су өткізу құрылғыларын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құйылу мен тасымалданатын өнімнен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылғыларды) бұзуға;

• зәкірлерді суға тастауға, суға тасталған зәкірлермен, тізбектермен, сүйретпелермен және тралдармен өтуге, тереңдетіп қазу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге;

• от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға.

Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында **«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсатынсыз:**

• «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға;

• бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісілмеген қандай да бір жұмыстарды орындауға;

• магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға;

• кез келген құрылыстар мен ғимараттарды салуға;

• автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

• мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға;

• «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге;

• ұңғымалардың, шурфтардың құрылғыларымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезикалық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген минималды қашықтықтарда магистральды құбырларға жатпайтын кез келген объектілердің құрылысына тыйым салынады.

Магистральды құбырлардың күзет аймақтарында кез келген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар:

• «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен «Магистральды құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамда жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жобалау құжаттамасы бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.

• кем дегенде 5 тәулік бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілін жұмыстарды жүргізу орнына шақыруға;

• құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері, сондай-ақ «Күзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатта» көрсетілген талаптар бұзылып, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы.

ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері және ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «Магистральды құбырлар» жергілікті билік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (меншік түріне қатыссыз) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады.

Заң, Кодекс, Ережелер мен ҚР КЕ талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет:

«ҚазТрансОйл» АҚ Қарағанды мұнай құбыры басқармасы
100026, Қарағанды қ., Гапеев көш., 4/3 Тел: 8 (7172) 55-52-57 – БДБ №7 техникалық учаскесінің диспетчері; 8 (71030) 2-60-95 – «Атасу» БМАС-тың операторы, 8 (7212) 98-22-41 – Қарағанды МҚБ бастығының қабылдау бөлмесі.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті тарих факультетінің ұжымы археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының профессоры, белгілі ғалым Ләззат Қасымқызы Шотбаковаңың ағасы

Қайрат Қасымұлы ШОТБАКОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына көңіл айтады.

№373

• ЖАҢА КІТАП

Ақын жүрегінің ақиқаты

Мейлі тарихи, мейлі биопик, мейлі драмалық шығарма болсын, онда автордың үні болмаса, туындының құны бес тиын. «Абай жолы» – Әуезовтің автопортреті деген сынды ғой. Бастан кешкен тағдырың арқылы халықтың көкейінде жатқан дүниені, қоғамның айнасын көрсете алу – қаламгердің шеберлігі. Бұл – жеке трагедияңды жалаңаштап, көрмеге айналдыру деген сөз емес. Ол – шығарманың басты ингредиенті. Ерік Нарынның «Жүректей ғана жұмыр жерін» оқып, осындай ойға келдім. Жоғарыда айтқан қағиданы Еріктің шығармаларынан айқын байқауға болады.



Мен оны сыршыл ақын ретінде танитын едім. Мына кітаптан соң Еріктің экспериментшіл, ізденімпаз шәйір екенін аңғардым. Формалық тұрғыда, образ жасауда, буын, бунақ үлгісінде түрлі қадамға барады. Оның «Жүніс Емренің әуенімен» өлеңінде шығыстың, тіпті, мына жапондардың үш аяқты жырлары (хайку, танка) үлгісінде жазылған өлеңі сәтті шыққан. Бірінші бөлігінде екі жол а-а өлшемімен, екінші бөлігінде үш жол а-б-а, үшінші бөлігінде а-а-б, төртінші бөлігінде а-а-б-а стилін ұстанады. Сөйте тұра, ой-мағына, идеяны осы қалыптан шығара біледі.

Тәтті жанды өзіне қылған құштар,
Бұл жалғанда білмеймін қандай күш бар?
Қанағат қыл, өмірде бол саналы,
Алланың нығметі таусылмайды,
Аспаннан күндіз-түні жаусадағы.
Ашуынан өртеніп сөне алмайды,
Өзінен өзгені көре алмайды,
Тәкаппарлар мұрыны көк тіреген.

Яғни, форма да бар, мағына да жоғалмаған. Стильдік ізденіс барысында Ерік «Қаралы жексенбі» (Маквала Гонашвилидің әуенімен), «Ежелгі дала қолбасшысының жан сыры» (Гаврил Андросовтың әуенімен), «Әулекі әруақ» (Шарль Бодлердің әуенімен) сияқты өлеңдер жазады. Өзінің ақындық қарқынын үдетіп, мүмкіндігін арттырады. Бірі грузин, бірі якут, бірі француз ақыны. Үш түрлі болмыс. Осыдан жоғарыда айтқан авторлық үнін көрсете білген.

Әсіресе, «Әулекі әруақ» – мистикалық дүние. Біздің бақсылық түсінікпен парапар.

«Соқыр түнек, құрт-құмырсқа –
Сол ғой әлем ғажабы.
Өз-өзіме қазам бір күн қара көр,
Ғұмырымның таңбаланған азабы,
Ей, қара жер, сүйегімді ала гөр»

Бір қарағанда, қарғыс сөздей көрінеді. Ал, негізінен «бұл өмір деген – ғашықтық, құштарлық» дегенді меңзеп тұр. «Соқыр түнектің» несі ғажап? Мистика, психология түсінігінде образ, философия, оның терең ұғымы, концепциясы деген ұғымдар бар. Поэзияның да тәпсірі болады. Оны тікелей қабылдау – қате ұғым.

«...Мәйіттердің қоғамында күн кешкен,
Мәйіттермен қауыштым-ау тағы мен!» деген жолдар бұл өлеңнің өзегі. Мәйіт – қайырымсыз қоғам. Мәйіт – құр тірі жүрген жансыз әлем.

Тағы бір әдемі образ – бала Ерік. «Көздерімді ұғар ма екен, Бала Ерікті таныса ол?!» («Ескі альбом»), «...Тіріліп ап, Бала Еріктің жанарымен қарайды» («Өткенім»), «Бесік таулар, бала Ерікті тербеткен» («Туған ауыл»). Бала Ерік – кіршіксіз. «Көз», «жанар» сөздерің осы образбен астастыруы да жайдан-жай емес. Көз – ешқашан алдай алмайтын табиғаты бөлек адамның шексіздігі. Бүкіл әлем сонда жатыр. Автор бала Ерікке бөлек адам, сағыныштың түпкі әлемінде қалып қойған өзге тұлға ретінде өзге ракурстан қарайды. Мұндай дүние Қасымның шығармашылығында өте көп. Бір «Өзім тураласын» айтсақ-ақ жетіп жатыр. Ақынның «мені» оның менменшілдігі емес, сенімі мен сезімі.

«Оттың тілін, оттың мұңын ұғатын,

Жер бетінде жалғыз ғана бар ақын» деп келетін өлеңі тағы бір айқындай түседі. Еріктің бар болмысы мен ақындық қуатын ашатын басты туындыларының бірі деп есептеймін. Тіпті, шығарма Мағжанның «Пайғамбарымен» үндес болса да.

Әрі қарай кеттік. «Мейір» өлеңіндегі жер образын тілге тиек етейік. «Күн анасын айналған Жер – бүлдіршін» дейді де «алыстамас ала Жер – ала құлын» деп жалғайды бір жолында. Яғни, Жер белгілі бір эволюциялық өзгеріске ұшырайды ғой деп топшылап отырасыз, алайда «құлынмен» тоқтап қалады. Оның есейіп, толысқанын байқамайсыз. Бірақ, автор Жердің әлі рухани кемелденбегенін көрсетуі де мүмкін. Жер – жер емес, бала Еріктің өзі де болуы ықтимал. Енді бұл әр оқырманның ой-өрісі, қабылдауына байланысты.

Мысалы, «Карта ойыны үстіндегі әңгіме» өлеңінен тың дүние күттім. Осындай детальді өлеңдер жаныма жақын. Мәселен, белгілі бір терминдер арқылы бастан кешкен оқиғаны һәм өмірді байланыстыру. Бұл да сондай өлеңдердің бірі болды.

«Дама кетті,
Тағдыры сол таңдалған,
Валеттермен сандалған.
Жарау аттай жөңкіледі жастық шақ,
Дамаларға арбалған» деген сияқты ғой.

Бір футболшы айтқандай, «сенің болжамың – өз проблемаң».

«Жүректей ғана жұмыр жерде» әлеуметтік өлеңдер де кездеседі. «Жаназада» өлеңіндегі мына жолдар екі түрлі ой түйгізеді: «Ауыл жаққа бармаймыз біз бүгінде, бір қаралы жаназа болмаса егер» дей келе, «Жаназада қауышқан ағайынға, өксігің-ақ келеді, қарап тұрып...» деп түйіндейді. Мұнда дүниеден өткен ағайынды жоқтаудан бөлек, бауырлар арасындағы, қоғамдағы қарым-қатынастың осындай күйге түскеніне налиды, өксиді.

Және мына өлеңде:

«Экранда ұятын тепкіледі,
Мәнсіздікке адасып тектілері.
Шын ырысын мұнайдан күтеді де,
Ел алдында құдайдан деп күледі.
Көзсіз батыр болыппыз бұрын күшті,
Ел жолында бәйгеге құлын түсті.
Дін аманда арақтан шошыған ел,
Синтетика сасыған ұлын құшты» («Дәт» өлеңі). Әлеуметтік мәселені көтерген болып, Ар ұғымын алға қояды.

Автор өзің идеал қып көрсетпейді. Жағымды кейіпкер ретінде танытпайды. Ішкі сыр арқылы өзінің шынайы болмысын танытады. Оны анасына арнаған өлеңінен де байқауға болады.

«Мама, бүгін үйге тағы келмеймін,
Бір қиырға алып кетті желдей мұң» деп бастап:

«Жылынам деп отқа ораған жүрегін,
Мына ұлыңның өртенетін түрі бар» деп түйеді.

Классикалық үлгідегі «ана, сенің ақ шашың», «жұмақтың кілті» деген сияқты қарабайыр жолдардан ада.

Кітапты оқып болып осындай сан түрлі ой түйдім. Жоғарыда айтқан автопортреттік сипат Ерік Нарынның өлеңдерінде басым. Кіршіксіз жанар, мейірімді бала Ерік осыны мазмұнды жеткізе білген.

Өз өлеңімен түйіндейтін болсақ:

«Кеудемді асқақ қозғап ән,
Күлгенім осы кітапта.
Өртеніп кете жаздаған,
Түндерім осы кітапта».

Ерболат ҚУАТБЕК

• БАЙҚАУ

Дәстүрлі әннің дүбірі

Қазақ классикалық әнін орындаушылардың тегеурінді толқыны Қарағандыда бас қосты. Мұнда Манарбек Ержанов атындағы I республикалық дәстүрлі әншілер байқауы өтті.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқауды Қарағанды облысының әкімдігі, Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестік ұйымдастырды. Мақсаты – қазақтың дәстүрлі ән өнерін ұлықтау, ұлттық музыкалық мұраны сақтау және насихаттау. Еліміздің түпкір-түпкірінен 23 үміткер қатысты.

Қазылар алқасының құрамында дүлдүл әнші, Қазақстанның халық әртісі Қайрат Байбосынов, қазақ ән өнерінің бірегей тұлғасы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин, қазақ ән өнерінің көрнекті өкілі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жақсыкелді Кемалов, Дүйсенбек Өмірәлі және Дәуренбек Аркенов болды.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы байқаудың маңызы мен міндетіне тоқталды.

– Бұл байқауға еліміздің әр өңірінен ең талантты деген өнерпаздар іріктеліп келген екен. Осындай деңгейдегі қатысушылар байқаудың деңгейінен хабар беретіні анық. Қазылар алқасының құрамы да бүгінгі қазақ ән өнерінің жарық жұлдыздарымен жасақталды. Бұл байқауға екінің бірі, егіздің сыңары қатыса алмайды. Қазылар әр әнге ата-бабамыздың мұрасы деп, киелі өнер деп қарады. Ал, әр өнерпаз сол мұраны сақтаушы. Сол себепті де мұраны сақтаушы жас өнерпаздарға мұндай деңгейдегі байқаулар арқылы қолдау көрсетілуі керек деп есептейміз, – деді Ғалымжан Өтелбайұлы.

Қайрат Байбосынов байқауды ұйымдастырушыларға алғысын айтты.

– Қазақ ән өнерінің асыл мұрасын келесі ұрпаққа жеткізу миссиясын арқалап жүрген жастарға қолдау көрсету – аға буынның, яғни біздің міндетіміз. Сол себепті де, ұйымдастырушыларға ерекше алғысымды білдіремін! – деді Қайрат Байбосынов.

Байқау қорытындысы бойынша, III орын Нұрғиса Рахатұлына, Нұртуған Абылайұлына және Ерасыл Маханға берілді. II орын Мадияр Өмірғалы мен Ермек Нұрпейісовке бұйырды. I орынға Барақбай Бексұлтан лайық деп танылды. Байқаудың бас жүлдесі Ақжігіт Дәулетбекте.

Сонымен қатар, байқаудың арнайы сыйлықтары мен дипломанттары да анықталды. Қосымжан Бабақов атындағы арнайы сыйлық – Қабдел Қастерге, Мағауия Көшкінбаев атындағы арнайы сыйлық Алтынбек Тұрғамбаевқа, Жабай Тоғандықов атындағы арнайы сыйлық Алмас Көшкінбаевқа, Қуан Лекеров атындағы арнайы сыйлық Құнанбай Жалынға, Әнші Жаңыл Қартбаева атындағы арнайы сыйлық Мархаббат Арматқызына берілді.

Салтанат Кеңес пен Ақниет Серғазина және Бекарыс Шаймаханбет дипломанттар атанды.

Сурет ұйымдастырушылардан

• КЕЗДЕСУ

Ермековтің еңбегі ұлықталды

Алаш мұрасын тану және оны өскелең ұрпақ санасына сіңіру – жауапкершілігі зор міндет. Саналы ғұмырын ұлт мүддесіне арнап, елдің ертеңі үшін өлшеусіз еңбек сіңірген қайраткерлердің тағылымды жолы бүгінгі буынға қашанда өнеге. Осы мақсатта Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы, алаштанушы Кенжебек Сержанұлымен «Әлімхан Ермек – Алаш мұрасы» атты тағылымды кездесу өтті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Филология факультетінде ұйымдастырылған басқосуда Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, қазақтан шыққан тұңғыш математика профессоры Әлімхан Ермековтің қайраткерлік болмысы мен ұлт алдындағы ерен еңбегі кеңінен сөз болды.

– Бүгінгі ел тұтастығы үшін кешегі ұлт қайраткерлеріне қашанда қарыздармыз. Негізінде, менің зерттеу тақырыбым – Жалау Мыңбайұлының қайраткерлік ғұмыры. Дегенмен, Алаш арыстарының ұлт алдындағы еңбегін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Әсіресе, қазақ жерінің шекарасын шегендеуде елеулі еңбек сіңірген Әлімхан атамыздың тағылымын бүгінгі жастар терең білуі керек. Ол – ұлт мүддесін қорғаумен қатар, қазақ ғылымының дамуына да айрықша үлес қосқан тұлға. Жоғары оқу орындарына арнап ана тілімізде алғашқылардың бірі болып математика оқулығын жазуының өзі қандай өнеге! Қарағанды топырағында мәңгілік тыныстаған ардақты тұлғаның рухы разы болғай, – деді Кенжебек Сержанұлы.

Тағылымды басқосудың тағы бір маңызды бөлігі – «Алаштың Әлімханы» атты кітаптың таныстырылымы. Маңғыстаулық ақын Сабыр Адайдың ұлт қайраткеріне арнаған поэмасы негізінде жарық көрген туынды оқырманға жол тартты. Сонымен қоса, кездесу барысында жас ақын Нұрасыл Аманжол да «Алаш рухына тағзым» атты өлеңін оқыды.

• КЕШ

Талаптыға өріс кең

Кітап оқуды насихаттаудың сан түрлі жолы бар. Солардың бірі – кітапқа, соның ішінде, көркем әдебиетке құмар жандарды мектеп оқушыларымен кездестіру. Мәселен, №28 келешек мектебінде әлеуметтік желіде поэзия оқып, жұрттың ықыласына бөленіп жүрген жас ақын Мирас Құрақбайдың поэзия кеші ұйымдастырылды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Поэзия кеші «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында ұйымдастырылды. Жас ақын ұстаздар мен оқушылардың алдында арқырап өлең оқыды. Поэзия туралы өзінің толғамдарымен бөлісті. Өзінен кейінгі өсіп келе жатқан буынға кітап оқудың пайдасы мен жақсылықтары туралы айтты.

– Поэзия – адамның жанын емдейді. Мұңайғанда, қуанғанда сол құдіретке жүгінесің. Жаның толқиды, сабыр табады. Өмірге биіктен қарайсың. Хәкім Абай «Өлең – сөздің патшасы» дейді. Өлең арқылы жүрегіңде бұғып жатқан өзге түгілі өзіңе беймәлім сырды, мұңды ұғуға болады. Қалғып кеткен рухыңды оятады. Қоғамға, жалпы қоршаған ортаңа мүлде басқа, ешкімдікіне ұқсамайтын көзқараста боласың. Сол себепті де, келешекте осы елдің бір еңселі азаматы болу үшін, ерге қонып, топ бастау үшін кітапты сүю керек деп ойлаймын, – деді Мирас Құрақбай.

Сонымен қатар, Мирас Құрақбай – қол күресінен Қазақстан және Азия чемпионы. Өнер мен спортты қатар алып жүрген азаматтың өмір жолы – талап пен табандылықтың, еңбек пен жігердің үлгісі. Жас ақынның әр өлеңінде өмірге деген көзқарас, туған жерге деген сағыныш, адамға деген құрмет пен жүрек сыры жатыр.

Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**
Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы **С.Б. ІЛИЯШ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 8-701-185-82-14;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 140

№125 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**